



АЛМАТЫ АРУЛАРЫ
қай салада жүрсе де,
гүлдей әдемі

8

МЕРЕКЕ МЕРЕЙІ

ӘЛЕМНІҢ МӘНІ – ӘЙЕЛДЕ!



Қолжазды жасаған Нұрбосан Өрісұлы.

Шуақты көктемнің хабаршысындай 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Шырайлы Алматының көшелерінен мерекелік көтеріңкі күй еседі. Ананың мейірлі жүзі, асыл жардың ыстық лебізі, арулардың жанды еріткен жарқын күлкісі, әпке-қарындастардың бал қылығы – соның бәрі мына әлемді көрікті ете түседі. Бұл – тек мереке емес, жан жүректен шыққан алғыспен ықыластың күні.

БАЙЫПТАМА

АЛМАТЫДАҒЫ БҰҰ-НЫҢ ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҒЫ аймақтағы тұрақты дамуға серпін береді

2019 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-сессиясының ашылуында Алматының дипломатиялық маңызы мен еліміздің Оңтүстік және Орталық Азиядағы рөлін ерекше атап өткен еді. 2021 жылы Ауғанстанда билік ауысқан кезде көптеген халықаралық ұйым өкілдері Алматыға қоныс аударды. Биылдан бастап елімізде БҰҰ-ның ресми өңірлік орталығы жұмыс істейтін болады. Халықаралық қауымдастық тарихында алғаш рет құрылымдық түрде аймақтық орталықтар жұмысын бастамақ.

Қазақстан соңғы жылдары тек Орталық Азияда ғана емес, бүкіл Азия аймағында көпжақты дипломатияны сәтті жүзеге асырып, маңызды жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Атап айтқанда:

- БҰҰ Бас Ассамблеясын 193 елдің 152-сі қолдап, дауыс берді.
- Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары (ОДМ) бойынша Өңірлік орталығын құру туралы қарар алғаш рет жүзеге асып отыр.
- Алматыда жұмыс істейтін орталықтың әлемде өзге баламасы жоқ.
- Қазір елімізде БҰҰ-ның 18 агенттігі жұмыс істеуде.



- Орталық халықаралық, өңірлік күш-жігерді үйлестірудің, озық тәжірибе алмасудың, техникалық көмек көрсетудің және бірлескен жобаларды жүзеге асырудың басты алаңына айналады.
- БҰҰ ТДМ Орталығын құру – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-ші сессиясында алғаш рет ұсынылған бастамасын жүзеге асырудағы маңызды қадам.

самблеясының 74-ші сессиясында алғаш рет ұсынылған бастамасын жүзеге асырудағы маңызды қадам.

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы**

7.03.2025

Түнде:



-1+1 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар). Кешке тұман, жолдарда көктайғақ.

8.03.2025

Түнде:



0,-2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

9.03.2025

Түнде:



0,-2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, жолдарда көктайғақ.

www.aqshamnews.kz



2

БАЙЫПТАМА

ТРАМП КОНГРЕСС МІНБЕРІНДЕ

Экс-президент пен демократтарды сынға алды

5 наурызда Дональд Трамп Конгрестің алдында сөз сөйледі. Трамп президент лауазымына кіріскелі бері алғаш рет қос палатаның бірлескен отырысына қатысты. Жергілікті басылымдар президент 100 минут бойы сөз сөйледі деп жазуда. Бұл сол елдің президенттері тарихындағы рекорд болып тіркелді. АҚШ президенті өз сөзінде ішкі мәселелерге баса назар аударды. Сыртқы саясатқа аса мән бермеді. Оның сөздеріне бүкіл әлем көз тікті, маңызды тұстарын атап өтейік.

ДЕМОКРАТТАРҒА ҚАРСЫ
САЯСИ РИТОРИКА

Дональд Трамп жергілікті уақыт бойынша 4 наурызда, ал Астананың уақытымен 5 наурызда Конгресс алдында сөз сөйледі. Міне, содан бері әлемдік басылымдар, саясаткерлер мен мемлекеттер оның мәлімдемелерін талқылауда. Себебі, оның мәлімдемелері мен қабылдаған шешімдері АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясатын, әлемдік саясатты түбегейлі өзгертуде. Әсіресе, сыртқы саясаты халықаралық қатынастар жүйесіне көлемді өзгеріс әкелуде. ЕО, БҰҰ, Бүкіл-әлемдік денсаулық сақтау ұйымы, Ресей мен Украина, Қытай, Мексика, Канада секілді мемлекеттер мен ұйымдар арасындағы қарым-қатынасында ұлттық мүддеге басымдық беріп жатыр. Ол сыртқы саясатта қабылдаған шешімдерін тізбектей келе «Америка қайта оралды» деп мәлімдеді.

Дегенмен, Конгресс алдында сыртқы саясатқа қарағанда елдің ішкі мәселелеріне баса назар аударды. Трамп 100 минут бойы демократтар мен экс-президент Джо Байденнің саясатын сынға

алды. Мәлімдемелерінің басым бөлігін демократтарға қарата айтты. Бұдан депутаттар алдындағы сөздерін бұрынғы әкімшілікке қарсы арнайы дайындалған саяси риторика екеніне көзіміз жетті.

Демократтар да жиында өздеріне қарсы мәлімдемелер айтатылатынына дайын болған секілді. Олар саны жағынан республикалықтардан аз болғанымен, саяси наразылық көрсетуде креативті екенін дәлелдеді. Олар әртүрлі тактика қолданды. Бір топ депутаттар наразылығын көрсетіп президенттің сөзін соңына дейін тыңдамай, Капитолийден шығып кетті. Екінші топ әйел депутаттар күлгін түстес киіммен келіп наразылығын көрсетті. Үшінші топ «Дұрыс емес», «Өтірік» деген жазуы бар тақтайшаларды ұстап, президенттің мәлімдемелерінен кейін оларды қолымен көтерді. Сонымен қатар, демократтардың бәрі Трамптың сөздеріне орындарынан тұрып қол соғып қолдау көрсетпеді. Керісінше, республикалықтар президенттің әр сөзінен кейін орындарынан тұрып қол соғып қолдау көрсетті.

ІШКІ МӘСЕЛЕГЕ
БАСЫМДЫҚ БЕРДІ

Трамп Джо Байденнің 4 жылда қабылдаған барлық дерлік шешімдерін сынға алды. Әсіресе, солшыл бағыттағы және экономикалық саясаттағы шешімдері көбірек сыналды.

Оның ішінде инфляция, жұмыссыздық, салықтың артуы, жоғары пайыздық үстеме, аборт, инклюзивтілік пен азшыл топтардың құқығын қорғауды атап өткен жөн. Трамп елде екі ғана гендер бар екенін, азаматтар мемлекеттік және өзге де қызметте меритократия қағидатымен жоғарылайтынын мәлімдеді. Джо Байден азшыл топтарға

көбірек мүмкіндік берген болатын.

Сонымен қатар, Трамп Илон Масктің де еңбегін ерекше атап өтті. Ол билікке келісімен Тиімділік департаментін құру туралы тапсырма берді. Оны белгілі кәсіпкер Маск басқаруда. Департаментті құрудағы мақсат мемлекеттік басқару жүйесіне реформа жасау. Департамент басшысы бюджетке, мемлекеттік қызмет жүйесін толық аудит жасады. Соның нәтижесінде 10 мыңға жуық мемлекеттік қызметші қысқартылды. Олардың жұмысын цифрландыруды жүзеге асыруда. Қазірдің өзінде өзге елдерге бөлінетін қаржыны миллиардтап қысқартты.

Мысалы, USAID қызметі уақытша тоқтатылып, осы уақытқа дейін бөлінген қаржыға аудит жасалуда. Және де бұл жұмысты Маск ары қарай жалғастырмақ. Жақын арада бұдан да көп адам жұмыссыз қалуы мүмкін.

Салық пен бюджет саясаты да өзгеруде. Трамп федералды бюджетті балансқа келтіруге уәде берді. Егер уәдесін жүзеге асырса елдің сыртқы қарызы азаймақ. Ол үшін мемлекеттік қызмет пен бюджеттік шығындарды қысқартып қана қоймай, салық мөлшерін де азайтуды жоспарлап отыр.

Трамп заңсыз миграцияға түбегейлі тосқауыл қоймақ. Ол үшін заңсыз мигранттарды жазау үшін әдісін қолдана беретінін мәлімдеді. Оның сөзіне қарағанда, бұл әдіс қазірдің өзінде жақсы нәтиже көрсетіп жатыр.

Трампың Конгресс алдындағы сөздері демократтардың саяси беделіне нұқсан келтіру мақсатын көздесе, мақсаты жүзеге асты дей аламыз. Себебі, оның мәлімдемелері мен шешімдері популизмге ұқсағанымен америкалықтардың көпшілігіне ұнайтыны сөзсіз. Ал ол уәделері толық жүзеге аса ма, аспай ма, уақыт көрсетеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

АЛМАТЫДАҒЫ БҰҰ-НЫҢ ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҒЫ

аймақтағы тұрақты дамуға серпін береді

(Басы 1-бетте)

«Орта держава»
статусын бекіте түседі

Қазақстанда БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталығының ашылуы – елдің халықаралық аренадағы беделін нығайтып, өңірлік тұрақтылық пен экономикалық дамуға ықпал етеді. Біріншіден, бұл орталық ұзақ мерзімді перспективада Орталық Азия мен Ауғанстандағы тұрақты дамуға серпін береді. Аймақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған жобаларды үйлестіруге мүмкіндік туғызады.

Екіншіден, БҰҰ құрылымының Алматыда орналасуы Қазақстандағы «орта держава» статусындағы ел ретінде дипломатиялық әлеуеті қалыптасқан мемлекет екенін көрсетеді. Үшіншіден, бұл қадам болашақта Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді. Мысалы, бұл бастаманың нәтижесінде басқа да халықаралық ұйымдардың өңірлік орталықтары мен мүдделі ұйымдар құрылымдары ашылып, Қазақстан тек Орталық

Азияда ғана емес, тұтас Шығыста жаһандық дипломатияның орталығына айналуына мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, бұл шешім еліміздің халықаралық институттармен байланысын бекемдеп, одан әрі жаһандық кеңістікке интеграциялануына негіз болып отыр. Бұл аймақтық бірлік пен ынтымақтастықты нығайтып, өзара келісілген үйлесімді саясат жүргізуге серпін беруі мүмкін. Ауғанстанды Орталық Азия үшін қауіп көзі емес, керісінше, көршілес, мүдделі ел ретінде ортақ экономикалық жобаларға тартуға болатынын көрсетеді. БҰҰ Өңірлік орталығы өзінің қызметі арқылы аймақтағы халықаралық институттармен бірлесіп орнықты дамуға ықпал ететін болады.

Алматы маңызды
дипломатиялық
орталыққа айналады

БҰҰ Бас Ассамблеясы тарапынан Алматы қаласының таңдап алынуы сәйкестік деп ойламаймыз. Біріншіден, Алматы тәуелсіздік жылдарынан бастап маңызды халықаралық құжаттарға қол қойылып, елеулі халықаралық ұйымдардың сам-

митін өткерген қала. Екіншіден, Алматының географиялық орналасуы тұтас Орталық Азия мен Оңтүстік Азия аймағы елдерімен байланыс нық қалыптасуы. Үшіншіден, Алматының логистикалық, сауда және инвестициялық әлеуеті тұтас БҰҰ мүше елдер тарапынан Алматының дипломатиялық әлеуетін қалыптастырды.

Сонымен қатар, Алматы төрінде БҰҰ-ның өңірлік орталығының ашылуы қаламыз үшін де маңызды артықшылықтарымен бірге келеді. Тұтас аймақтық жобаларды жүзеге асыруда Алматының жаһандық ақпарат айналымында ықпалы мен маңызы артатыны айқын. Өңірлік хабтың басты мақсатының бірі БҰҰ, ең ауқымды жобаларының бірі – Тұрақты даму мақсаттары бағдарламасында көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру.

Қазақстан аймақта ресми түрде әлемдегі ең ірі халықаралық ұйымның ресми орталығын орналастыру арқылы әлемдік қауымдастықтың өңірге қатысты көзқарасын өзгертуге қол жеткізіп отыр. БҰҰ-ның Алматыдағы орталығы жұмысының нәтижесінде тек Қазақстан бойынша ғана емес, сонымен қатар

жаһан жұртының назарын тұтас Орталық Азия және Ауғанстандағы мәселелерге аударуда маңызы ерекше екендігі айқын. Қазақстан бастамасының БҰҰ деңгейінде қолдау табуы Алматы қаласын көпжақты дипломатияның орталығы ретінде болашақта ауқымды жобаларды жүзеге асыруда маңызын көрсетеді. БҰҰ Өңірлік Орталығының құрылуы Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттырады. Халықаралық ұйымдардың Алматыға шоғырлануы қаланы жаңа экономикалық орталыққа айналдырады, бұл өз кезегінде:

- Халықаралық қаржы институттарының, үкіметтік емес ұйымдардың және трансұлттық корпорациялардың Алматыға қызығушылығын арттыратын болады;
 - Жаңа жұмыс орындарының құрылуына және жоғары білікті мамандардың Қазақстанға келуіне тікелей ықпал етеді;
 - Ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды дамытуға серпін береді.
- БҰҰ Тұрақты даму бағдарламасында көрсетілген, «жасыл экономикаға» көшу, «цифрлан-

дыру» және «инновациялық секторды дамыту» сынды бағытта еліміздің ұзақ мерзімді стратегияларымен үндес келеді.

Қаламыздың дипломатиялық әлеуетінің белгісіне айналған БҰҰ Өңірлік орталығының ашылуы – еліміздің халықаралық беделін арттыратын, әлемдік қауымдастық тарапынан елімізге артылған сенім екендігі анық.

Аталмыш алаң аясында болашақта Орталық Азия мен Ауғанстандағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге, ынтымақтастықты нығайтуға және стратегиялық шешімдер жүзеге асатын болады. Қазақстан «орта держава» ретіндегі ықпалы артып, көпжақты дипломатиядағы ықпалы күшеюі тек еліміз үшін ғана, тұтас Орталық Азия аймағы үшін маңызды геосаяси және экономикалық маңызға ие қадам деп білеміз.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



ТҰЛФАТАНУ

ҒАЛЫМНЫҢ ӨШПЕС МҰРАСЫ

Академик Шора Сарыбаевтың туғанына – 100 жыл

Профессор Шора Шамғалиұлының есімі ауызға ілінгенде, көз алдыңа қазақ тіл білімінің тұтас бір кезеңі келеді. Академик Ш.Сарыбаев тіл білімі саласында орны бөлек тұлға болды. Ғалымның еңбектері бүгінде де қолданыстағы тіл ғылымында қызмет етіп келеді. Биыл айтулы ғалымның өмірге келгеніне ғасыр толып отыр. Ал Алматыда академик Ш.Сарыбаевтың 100 жылдығына байланысты ғылыми-танымдық іс-шаралар басталып та кетті.



Нұрлан
СҮЙІН

Бесінші наурыз күні Алматыдағы Ұлттық кітапханада А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұйымдастыруымен «Тілтанымдық мектеп: Академик Шора Шамғалиұлы Сарыбаев» атты ғылыми-практикалық «дөңгелек үстел» өтті. «Дөңгелек үстелдің» модераторлық тізгінін Тіл білімі институтының директоры, филолог-ғалым Анар Фазылжан ұстады. Жиында Қазақстанның және бауырлас мемлекеттердің ғалымдары, Шора Шамғалиұлының туыстары сөз алды. Академик туралы бейнебаян көрсетіліп, республикалық байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі қатар өтті.

Ғылыми-танымдық іс-шарада профессор-ғалымдар «Ғылымның өшпес шырағы», «Академик Шора Сарыбаев: ұлттық құндылықтар мәселелері», «Шора Сарыбаев және қазақ диалектологиясы» тақырыптарында баяндамалар жасады. Баяндама жасағандар, шығып сөйлеушілер қатарында академиктер З.Базарбаева,



К.Құрманәлиев, профессорлар Қ.Күдерінова, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Е.Омаров, М.Малбақов болды.

Осы жиын ортасында академиктің қызы, профессор Майра Сарыбаеваның «Филологтың әлемі: Шора Сарыбаев» атты жаңа кітабының тұсауы кесіліп, ғылыми ортадағы көпшілікке жол тартты. Бұл да болса ғалымның ғасыр тойында шашылған шашу сынды есте қалды. Сонымен бірге, тіл ғылымының ұлы Қазақстанның Төтенше және өкілетті елшісі, Азия Кеңесі Бас хатшысы Қайрат Шораұлы Сарыбаев әке және тұлға жайында жүрекжарды естелік айтты.

Шора Сарыбаев жөнінде сөз қозғау үшін үлкен лингвист ғалымның терең білімді зиялы ретінде қалыптасу жолын тым әріден бастауға тура келетіндей. Өзі бір дәуірде қазақ зиялылары рухани аста-

на ретінде топтасқан Тәшкенде сонау 1925 жылдың көктемінде текті әулетте дүниеге келген. Шора Сарыбаевтың әкесі Шамғалидың өзі де «Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрету әдістемесі» тақырыбында диссертация қорғаған тұңғыш қазақ еді. Сондай бастаудан тәрбиенің тұнығын ішкен Шораның, бауырларының басқдай боп қалыптасуы мүмкін емес те еді. «Шора Шамғалиұлының інісі, танымал өнер қайраткері Болат Сарыбаев – қазақ халқының музыкалық аспаптары мен дәстүрлі қазақ музыка мәдениетінің жандануына айтарлықтай еңбек сіңірген саңлақ...» деп келтіреді академик Зейнеп Базарбаева. Тектінің ізі, композитор Талғат Сарыбаев болса қазақ мәдениетінде «Гүлдер», «Арай», «Жетіген» ансамбльдерінің құрылуына мұрындық боп, халық әндері мен қазақ композиторларының



Суреттеді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

әндерін эстрадалық үлгіде өңдеп, таралуын қамтамасыз еткен. Шора Шамғалиұлының ұлы Қайрат белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат.

Ұрпақ сабақтастығы осылай қалыптасқан еді. Академик Шора Сарыбаев ғылымға диалектология, лексикология, алтай тілдерін, тілдер тарихын меңгеріп келген ғалым. Ғалым 300-ден астам ғылыми мақаланың, жиырмадан астам монографияның авторы. Ғалымның еңбектері өзбек, араб, қырғыз, татар, түрік тілдеріне аударылып, сол елдердің қажетіне жарауда.

Ш.Сарыбаев қазақ тіл білімі ғылымы мен қазақ қоғамында өшпестей із қалдырған тұлға. Ол – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Көптеген шәкірт тәрбиелеп, олардың ғылымға келуіне көмектескен ұстаз.

Тоқсаннан асып ғұмыр кешіп, артында мол мұра қалдырған ғалымның есімі ел жадынан өшпейді. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, ғалым Анар Фазылжан – «Біздің үлкен ғалым-ұстаз Шора Шамғалиұлының есімін ауызға алмайтын, ғалымға арқа сүйемейтін күніміз жоқ...», – деген болатын. Осындай ұрпақ сабақтастығы, ғылым жалғастығы ұзағынан болсын.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ

Алматыда қалай тойланады?

Алматыда Халықаралық әйелдер күніне арналған ауқымды іс-шаралар бағдарламасы дайын. Мереке қарсаңында қала тұрғындары мен қонақтары концерттер, көрмелер, театр қойылымдары және шығармашылық кездесулерді тамашалай алады.

7 наурызда сағат 18.30-да «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Анаға тағзым» атты мерекелік концерт өтеді. Сахнада белгілі өнерпаздар Әсет Есжан, Шаттық Уатқан, Нұрболат Ұзақбай, Диас Мұратхан, Тілек Базаров және Нариман Әбдірахман өнер көрсетеді.

8 наурызда бірқатар мерекелік іс-шара өтеді. Сағат 17.00-де Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде «Иірім» тобының «Әлемнің сыйы – әйелге» атты концерті өтеді. Қуыршақ театры «Мама для Мамонтенка» спектаклін қазақ тілінде сағат 14.00-де, орыс тілінде сағат 12.00-де сахналайды. Анасыз қалған мамонттың анасын табуға деген талпынысы туралы әсерлі оқиға балалар мен ересектердің жүрегін жылулыққа, жанашырлыққа бөлеп, армандарына ұмтылуға шақырады.

Осы күні, сағат 19.00-де «Артишок» театрында «Самұқ» би труппасы «Ауыл» қойылымын сахналайды. Іс-шара заманауи хореография фестивалі аясында өтеді.

Сонымен қатар, 7 және 8 наурызда Алматы халықаралық әуежайында Алматы қаласының

тарихы музейі қорындағы дәстүрлі зергерлік бұйымдардың көшпелі көрмесі ұйымдастырылады.

Қаланың аудандарында да мерекелік іс-шаралар өтеді:

Наурызбай ауданында 6 наурызда, сағат 11.00-де, Инновациялық шығармашылық орталығында («Шұғыла» ш/а, 347/4) «Халықаралық әйелдер күні» атты концерттік бағдарлама өтеді;

Алатау ауданында – 6 наурызда, сағат 15.00-де, Инновациялық шығармашылық орталығында («Нұркент» ш/а., 14 А) концерт өтеді;

Түркісіб ауданында – 6 наурызда, сағат 16.00-де, Оқушылар үйінде (Сейфуллин даңғылы, 13/1) мерекелік концерт өтеді;

Медеу ауданында – 7 наурызда, сағат 11.00-де, Жамбыл атындағы филармонияда (Төле би көшесі, 21) мерекелік концерт өтеді;

Жетісу ауданында – 7 наурызда, сағат 12.00-де, Мәдениет үйінде (Есім хан көшесі, 127) мерекелік концерт өтеді.

Сондай-ақ, қаладағы комьюнити-орталықтарда да бірқатар іс-шара өтеді:

Жетісу ауданының комьюнити-орталығында – 7 наурызда, сағат 15.00-де «Ананың бейнесі» атты фотокөрме мен қолданбалы өнер көрмесі;

Бостандық ауданының комьюнити-орталығында – 7 наурызда, сағат 18.00-де текстуралы картиналар жасау бойынша шеберлік дәрісі өтеді.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

БАЙҚАУ



«ҚЫЗ – ЕРКЕМ, АНАСЫМ ЕН КӨРКЕМ» байқауы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеді

Алматыда «Қыз – еркем, анасымен көркем» атты қалалық байқау өтті. Онда қаладағы техникалық және кәсіптік білім беретін колледждердің студент қыздары мен олардың аналары қатысып, шеберліктерін көрсетті.



Нұржамал
ӘЛІШ

Байқау Жұмысшы мамандықтары жылы аясында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мен «Бақытты отбасы» жобасына негізделіп ұйымдастырылды. Іс-шара мақсаты – анасы мен қызы арасындағы жақындықты, отбасындағы тәрбиені, салт-дәстүріміз бен ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Қатысушылар төрт номинация бойынша сайысты. Атап айтсақ, ұлттық киіммен өзін-өзі таныстыру, қолөнер шеберлігін көрсету, қазақ халқының ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлеріне қатысты сұрақтарға жауап беру және анасы мен қызының бірлескен өнері.

– Бұрын бұл байқауды колледжімізде өткізуші едік. Енді оны қалалық деңгейге көтеріп отырмыз. Іс-шараға қатысуға қаланың оннан аса мемлекеттік колледжі өтініш білдірді. Мұндай байқаудың жастарға берер тәлімі мен өнегесі мол деп білеміз. Қыздарымыз отбасынан алған өнегесін, иба, тәрбиесін көрсетті. Аналары да қуанды деп ойлаймыз, – дейді Алматы технологиялық колледжінің директоры Ерұлан Қарағұлов.

Байқаудың 1-орнын «үй иесі» – Алматы технологиялық колледжі, 2-орынды – Алматы мемлекеттік бизнес колледжі, 3-орынды Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі иеленді.



КЕРЕК ДЕРЕК

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК ПЕН ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Қазақстан Республикасы гендерлік теңдікті сақтау мен әйел құқығын қорғауды жүйелі түрде дамытып келе жатқан ел. Биліктің жоғары тармақтарында және жетекші билік органдарында әйелдер үлесінің артып келе жатуы осының нақты дәлелі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы тапсырмасымен билік органдарында әйелдерге арнайы квоталар да беріледі. Соған қоса, Парламент пен мәслихат құрамындағы әйел депутаттардың да саны артты. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі таратқан ресми мәліметке сәйкес, мемлекеттік қызметтегі басшылық лауазымдардың 39%-ын әйелдер атқарады.

Ауқымды үлес

Парламентте 28 әйел депутат бар, бұл жалпы депутаттар санының 18,9%-ы. Мәслихаттарда әйелдердің үлесі – 22,7%-ға (3415 депутаттың 774-і) жетті. Мемлекеттің 21 министрлігінде, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Мәдениет және ақпарат министрліктерінде 3 әйел министр, 8 вице-министр, 3 аппарат басшысы бар. ҚР Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін 14 мемлекеттік органда 6 әйел басшылық қызметте. Ел бойынша судья әйелдердің жалпы саны – 1248 адам (53%). 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі 55,8%-ға

(84 482 мемлекеттік қызметшінің 47 158-і – әйелдер) жетті. Басшылық лауазымдардағы әйелдердің жалпы үлесі – 39,1% (23 947 басшының 9363-і). Үкімет әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға көп көңіл бөлуде. Шағын және орта бизнес иелерінің құрылымында әйел кәсіпкерлердің үлесі 48%-ға жетті. Мәселен, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры қызмет еткен кезең ішінде 4,1 млрд теңге көлемінде 105 мыңнан астам әйелдің жобасына қолдау көрсетті.

Арнайы бағдар

«Отбасы банк» пен Азия даму банкі бірлесіп, «Ұмай» ипотекалық бағдарламасын іске қосты. Үш жыл ішінде 3660 қазақстандық әйелге баспана сатып алуға көмектесті. Жалпы, несие көлемі – 41,2 млрд теңге.

Президент тапсырмасы бойынша, ІІМ Әкімшілік полиция комитетінде «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау» басқармасы құрылды. «TechnoWomen» ұйымы мен халықаралық «Astana Hub» технопаркі серіктесіп, екінші жыл қатарынан жұмыссыз әйелдер мен декреттегі аналардың цифрлық біліктілігін арттыруға арналған «IT-Aiel» жобасын іске асырды.

Ұлттық комиссия

Ұлттық комиссияның тұрақты назарында репродуктивті денсаулықты қорғау, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту және ауылдақ жерлердегі әйелдерді қолдау мәселелері бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ақеркін ЕРАЛИЕВА,
Satbayev University бизнес мектебінің директоры,
Алматы қаласы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы:

– Әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына мемлекеттік қолдау маңызды рөл атқарады. Бүгінде Алматыда әйелдер кәсіпкерлігінің қарқынды өсуі де осының нақты айғағы. Мен байқауымша, әйелдердің инновациялар мен технологиялық бизнеске деген ұмтылысы жоғары. Айталық, еліміздегі шағын және орта бизнестің 48%-ын әйелдер басқарып отыр. Сонымен бірге, IT-технологиялар, экотехнологиялар, финтех және әлеуметтік кәсіпкерлік сияқты жаңа салаларды белсенді түрде меңгеріп жатыр. Бизнес-леди-лер өз күштеріне сенімді бола түсті, көшбасшылық қасиеттерін дамытып, қаржы және басқару салаларындағы білімдерін жетілдіруде.



Сонымен қатар, олар өз кәсіптеріне цифрландыру мен заманауи технологияларды енгізу мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, бәсекелестік артықшылықтарға ие болуда. Бұл – өзгермелі нарық жағдайында икемді болуға мүмкіндік береді. Әйелдер кәсіпкерлігі үшін маңызды алаңдардың бірі – Women in Business платформасы. Бұл жерде кез келген адам экономика мен трендтер туралы өзекті ақпарат алып, жаңа дағдыларды меңгере алады.

Сана ЖАНДАЙ,
Алматы қаласы «Бақытты отбасы» орталығының басшысы, кәсіпкер, қоғам қайраткері, көпбалалы ана:

– Мемлекет гендерлік теңдік бағытында үлкен қадамдар жасады, әйелдерге арналған квоталар кеңейтіліп, зорлық-зомбылықтан қорғау шаралары күшейтілді. Сондай-ақ, әйелдер кәсіпкерлігіне жаңа мүмкіндіктер ашылып жатыр. Дегенмен, құқықтың өзгерістер ғана жеткілікті бола бермейді, кейде қоғамның менталитеті де өз маңызын көрсетеді. Тек құқықтық емес, сонымен қатар мәдени кедергілерді жою қажет деп санаймын.

Бұл үдерісте тек мемлекеттің рөлі ғана емес, азаматтық қоғамның, бизнестің және медианың белсенді қатысуы да маңызды. Әйелдердің көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау, олардың саясатқа, ғылымға және технологияларға қатысуын ынталандыру, отбасы мен мансапты үйлестіруге жағдай жасау қажет.

Қазақстан дұрыс бағытта келе жатыр, бірақ алда әлі үлкен жұмыс тұр. Тек бірлескен күш-жігердің арқасында ғана біз әр адамға, жынысына қарамастан, өзін-өзі жүзеге асыру үшін тең мүмкіндіктер беретін қоғамды құра аламыз.



2025 жыл гендерлік саясат саласындағы екі маңызды оқиғамен ерекшеленеді. Бірі – Бейжің декларациясының 30 жылдығы болса, екіншісі – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің «Әйелдер. Бейбітшілік. Қауіпсіздік» 1325-резолюциясының 25 жылдығы. Қазақстан гендерлік теңдікті нығайту және әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою саясатын жүйелі түрде жалғастыруда. Құқықтық және институционалдық база нығайтылып, әйелдердің физикалық, интеллектуалдық және рухани-адамгершілік дамуына қажетті жағдайлар жасалып келеді.

Қауіпсіздік саласы

Елдегі әскери және қауіпсіздік салаларында да әйелдер үлесін арттыру жұмыстары қолға алынған. Айталық, әскери кеңесшілер даярлау, Қорғаныс министрлігі, ІІМ, ТЖМ және прокуратура жүйесіндегі әйелдерді басшылық лауазымдарға өсіру мүмкіндіктері қарастырылған. Әйелдер үлесі салыстырмалы аз саналатын бұл салалардың өзінде әйел қызметкерлердің мансаптық жолын бақылауға мемлекет баса назар аударып отыр.

Гендерлік теңдікті нығайту мен әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою бойынша мемлекетіміздің саясаты жүйелі түрде жалғасып келе жатқанын сенімді түрде айта аламыз. Құқықтық және институционалдық база нығайтылып, әйелдердің физикалық, интеллектуалдық және рухани-адамгершілік дамуына қажетті жағдайлар жасалу үстінде. Осының бәрі еліміздің өркеніетті қоғамды жетілдіруге деген ұмтылысын айқын көрсетіп береді.

Дайындаған **О.МҰРАТБЕКҰЛЫ,**
Қ.ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



Air Astana Алматыдан Данангқа тікелей рейстер ашады

2025 жылдың 4 маусымынан бастап Air Astana Алматыдан Данангқа (Вьетнам) жаңа тікелей маршрутты іске қосады. Ұшулар аптасына екі рет – сәрсенбі және сенбі күндері – Airbus A321LR заманауи және жайлы ұшағымен орындалады.

Рейстер кестесі:

• КС 599 рейсі: Алматыдан 00.55-те ұшып кету, Данангқа 10.05-те ұшып келу (+ 1).

• КС 600 рейсі: Данангтан 11.45-те ұшып кету, Алматыға 17.00-де ұшып келу. Ұшу ұзақтығы 7 сағат 10 минутты құрайды.

Билеттер қазірдің өзінде airastana.com ресми сайтында қолжетімді. Екі жаққа авиабилеттің ең төменгі құны:

• Эконом-класс: 360 701 теңгеден бастап (барлық алымдарды қоса алғанда);

• Бизнес-класс: 1 001 804 теңгеден бастап.

Жаңа бағыт іске қосылғаннан кейін Air Astana компаниясының Вьетнамға апта сайынғы рейстерінің жалпы саны тоғызға дейін артады:

- Алматы–Нячанг: аптасына 4 рейс;
- Астана–Нячанг: аптасына 3 рейс;
- Алматы–Дананг: аптасына 2 рейс.

Бұдан басқа, 2025 жылдың 31 наурызына дейін Фукуокқа маусымдық бағыт әрекет етеді.

Дананг – Вьетнамның орталық бөлігіндегі қарлы ақ жағажайларымен және бірегей көрікті жерлерімен танымал жағалау қаласы. Баруға міндетті орындардың арасында:

- Ежелгі пагодалары мен буддистік ғибадатханалары бар мәрмәр таулар;
- Айдаһар көпірі;
- Ba Na Hills арқан жолы – әлемдегі ең ұзын (5 км) және биік (1,3 км) аспалы арқан жолы;
- 67 метрлік Будда мүсіні.

Қазақстан азаматтары Вьетнамда визасыз 30 күнге дейін бола алады.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Қала тазалығы – бәріне ортақ міндет

«Алматы – ортақ үйіміз» атты экологиялық акция республикалық «Таза Қазақстан» бағдарламасының аясында қарқынды жалғасып жатыр. Ауқымды эко-шараға қаладағы кәсіпкерлер де белсенді қатысуда.

Наурызбай ауданында орналасқан «Ақбұлақ» базарының кәсіпкерлері «Жауапты бизнес – көрікті қала» атты жалпықалалық бастамаға белсенді түрде атсалысты. Аудан әкімдігінің қолдауымен базар аумағында тазалық жұмыстары жүргізілді.

– «Ақбұлақ» базарының басшылығы экологиялық акцияға қатысуға ниет білдірді. Бүгін сауда орнының қызметкерлері базар аумағын қар, мұз және қоқыстан тазалап, артық жарнама тақталарын шешіп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Жалпы, ауданымызда 720-дан аса кәсіпкерлік нысанға көріктендіру паспорты берілді. Ол бойынша әр кәсіпкерге өз аумағы бекітілген. Осы аумақты таза ұстау, көгалдандыру, сыртқы бет-бейнесін ретке келтіру міндеттелген. Егер кәсіпкерлер өз міндетін орындамаса, оларға әкімшілік хаттама толтырылады. Алайда, қазіргі уақытта кәсіпкерлер тарапынан қарсылық жоқ, тек қолдау бар. Көбісі көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын күн жылып, қар толық ерігеннен кейін бастайды, – деді Наурызбай ауданы әкімдігі кәсіпкерлік бөлімінің бас инспекторы Ерлан Заурбеков.

Ал «Ақбұлақ» базарының директоры қаланы таза ұстау ортақ міндет екенін атап өтті. Оның айтуынша, жақсы бастамаларға барлығы бірге атсалысатын болса, сонда Алматының көркі артады.

– «Жауапты бизнес – көрікті қала» атты бастамаға базар ұжымы болып қатысамыз деп шештік. Дегенмен, аудан әкімдігі-

ЦИФРЛАНДЫРУ

Алматыда жастарға арналған жасанды интеллект мектебі ашылды.

Алмалы ауданындағы комьюнити-орталықта жастарға арналған жасанды интеллект мектебі жұмысын бастады. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы IT Qazaq Community қауымдастығымен өзара серіктестік туралы меморандум жасасты. Осы келісім аясында IT Qazaq Community мамандары алматылықтарға ЖИ жөнінде сабақ өткізеді. Жоба жастардың цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған.

– Жасанды интеллект – болашақтың технологиясы. Оның жоққа шығаруға болмайды, өйткені ЖИ кәсіпте де, IT саласында да, оқу-білім процесінде де қолданысқа енді. Осы жылдың басында өзімізге жастарды осы бағытта оқытсақ деген мақсат қойып, бүгін оны орындау үшін Qazaq Community қауымдастығымен меморандумға қол қойдық. Қазір Алмалы ауданының комьюнити-орталығында басталған жоба сәтті болса, мұндай курстар барлық комьюнити-орталықтарда іске қосылады, – деді ол.

Жоба аясында Алматы жастары жасанды интеллект технологияларын тегін үйреніп, заманауи AI-құралдарын меңгеріп, оларды оқу, зерттеу және болашақ кәсіби қызметінде қолдана алады. Бағдарлама бойынша жасанды интеллект құралдары тәжірибе жүзінде оқытылып, оларды нақты қолдану тәсілдерін үйретіледі.

ЭКО-ШАРА

КӨРІКТІ ҚАЛА

Экологиялық акцияға кәсіпкерлер де атсалысуда

Алматыда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы өтуде.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Акцияның негізгі бағыттарының бірі – кәсіпкерлік субъектілерін қала аумағын абаттандыруға және тазалықты сақтауға тартуға бағытталған «Жауапты бизнес – көрікті қала» бастамасы.



мен бекітілген паспорт бойынша бізге қарайтын аумақта сенбі сайын сенбілік өткізіп тұрамыз. Барлық тұрғындар мен кәсіпкерлерді қаламызды таза ұстауға шақырамын. Тұрып жатқан үйіміздің таза әрі көрікті болғаны өзіміз үшін қажет, – деді «Ақбұлақ» базарының директоры Нұрбол Болат.

Айта кетейік, 1 наурыз бен 1 сәуір аралығында Алматыда «Алматы – ортақ үйіміз» атты акция өтуде. Ол төрт кезеңнен тұрады: «Таза көшелер» (1–9 наурыз), «Таза саябақтар, скверлер мен таулар» (10–16 наурыз), «Таза аулалар» (17–23 наурыз), «Біздің қала – біздің мақтанышымыз» (24 наурыз – 1 сәуір).

Жастарға жасанды интеллектімен жұмыс істеу үйретіледі



– IT Qazaq Community Қазақстандағы ең үлкен IT мамандардың қауымдастығы, қазір санымыз 4 мыңға жетіп қалды. Біз олар үшін әртүрлі іс-шараларды тегін өткізіп тұрамыз. Біз осы уақытқа дейін онлайн алаң болдық, енді қаладағы комьюнити-орталықтар арқылы офлайн алаңымыз пайда болды. Енді жасанды интеллектіні қолдануды үйрететін тегін курстарды бастаймыз. Бір қарағанда, ЖИ-ді қалай қолдануды бәрі білетін секілді, ол оңай секілді көрінеді. Бірақ

жасанды интеллектінің түрлері көп, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Сондай-ақ, олар әрдайым дұрыс жауап бере бермейді. Сондықтан сапалы нәтиже алу үшін ЖИ-ді қолдануды үйрену ешкімге артық болмайды, – деді IT Qazaq Community көшбасшысы Әсем Болатжан.

Жасанды интеллект курстарына ниет білдірген жастар Алмалы ауданындағы комьюнити-орталыққа барып қатыса алады.

ГАЛЕРЕЯ



«ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНЫ»

Көкпардың фото-көрмесі өтуде

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің Орталық көрме залында қазақтың ұлттық ойыны әрі спорты – көкпарға арналған Никита Басовтың «Ұлы дала ойыны» атты фото-көрмесі ашылды.

«Ұлы дала ойыны» экспозициясында 80-ге жуық жұмыс қойылған. Көрмедегі фотосуреттер «Көкпар» ойынының жылдам әрі тартысты екенін суреттеп, қазақ ұлттық мұрасының ұлылығын көрсетеді.

– Бұл жоба тек қана көркемдік іс-шара емес, қазақ мәдениеті мен дәстүрінің ажырамас бөлігі болып саналатын көкпар атты ежелгі спорт түріне арналған маңызды мәдени оқиға. Көкпар – күштің, шеберліктің, командалық рухтың және табандылықтың символы, ол Ұлы даланың рухын нақты бейнелейді. Әрбір күн өткен сайын көрермендерді баурап алатын бұл ойын әлі күнге дейін халықтың мәдени бірегейлігінің маңызды элементі, – дейді көрме ұйымдастырушылары.

Экспозиция 2025 жылдың 30 наурызына дейін жалғасады.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНА СЕРПІЛІС КЕРЕК

Отандық ғылыми журналдарды «Scopus» тізіміне енгізуге не кедергі?

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Рахман АЛШАНОВ,
ҚР ЖОО қауымдастығының президенті:

ГУМАНИТАРИЯНЫ SCOPUS-ТАН БОСАТҚАН ЖӨН

Бізге жаңа білім, ғылым жүйесі керек. Мәселе – ғылым нәтижесінде. Бүгінде үш сатылы бакалавр, магистр, PhD дәреже қорғау жүйесі бар. Талай мәрте қорғаудың ішінде араласып жүрдік. Кейбірі әрең-әрең ғылыми атағын қорғайды. Ғылым өзгеріп жатыр. Мәселен, ақпараттық технология ай сайын өзгеріске түсуде. Мақала жазып, монография жазамын деп жүргенде талап ескіріп қалуы мүмкін.

Ескі білімнен гөрі жаңа инновация керек. Ресей бұрынғы ғылыми қорғау жүйесінде амалсыздан қалып отыр. Солтүстіктегі көршінің жағдайы белгілі.

PhD дәреже алу үшін журналистика, әдебиет пен тарих және т.б. мамандықтардан Scopus талабын сұрап қажет емес, оны ешкім оқымайды. Шетелге мақала жариялаймын деп, әдебиетші, тарихшы, этнограф сияқты ғалымдардың шашы ағаратын болды. Гуманитарияның жүгін жеңілдету керек. Ал техникалық салаға қажет болар. Біз жақсы мақала жазып, тетігін жетік үйрене алмай жүрген болармыз. Дегенмен, сапалы мақала қай жерде болсын басылып шығып жатыр ғой. Нақты ғылымдар мен гуманитарияға талап екі түрлі болса дейміз. Ғылым өркендесе, ел дамиды.



Сейілбек СӘКЕН,
фольклортанушы:

ҒАЛЫМДАР ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛУЫ ТИІС

1990 жылы ҰҒА жұмысқа орналастым. Әдебиет, фольклористика саласында істедім. Ол кезде 140 мың рубль алатынмын. Сондай-ақ, академиктер, ғалымдар да арнайы мемлекеттік емханада емделіп, шипажайда демалатын. Тоқырау жылдарынан өттік, алайда ғылым бұл сынақтан басы бүтін өте алмады.

Қазіргі талап бойынша 35 процентильтен асатын шетелдік журналда мақаласы жоқ ғалым гранттық жобаға үміткер бола алмайды екен. Сонда мүйізі қарағайдай ғалым бүкіл ғұмырын ғылымға арнайды, бірақ түрлі талап қойып оны жаратпау әбестік. Біз 30 жылдан артық фольклортанушы болып келдік. Дәлірек, 100 томдық «Бабалар сөзі», «Дала фольклорының антологиясы» сияқты жинақтарға, «Қазақ фольклорының қастерлі әлемі», Алтын орда дәуірі туралы және т.б. ғылыми монографияларға қатысып келеміз. Осының бәрі – нәтижелі еңбектің нәтижесі. Керек десеңіз, қолжазба қорында тағы да 100 томға татитын «Халық ақындары» деген атаумен жинақ шығаруға болатын дүние бар. Біз 5–10 жыл көлемінде осыған арнайы грант бөлмесек, әр жерге көшіп қонғанда, қолжазба құриды. Дер кезінде істейтін іс көп.

Бір кездері университетте дәріс оқыдым. Өмірлік тәжірибеден байқағаным, қолжазба оқитын, қазақтың рухани мұрасын зерттейтін кәдуілгі ғалым дайындау қажет. Ол үшін ғылыми қызметкерлердің жағдайы жасалса дейміз. Базалық жалақы ғалымның алға ілгерілеуіне септігін тигізеді. Қазақ ғылымы өркендеп, өсе берсін десек, ғалымдар 3 жылдық жоба аяқталған соң қайда, қалай қадам басарын ойланып отырмаса екен...



Алмас ОРАЛБЕК,
PhD докторанты:

ҒЫЛЫМИ ҚОРҒАУҒА ЖЕҢІЛДІК ЖАСАЛСА ДЕЙМІЗ

Біз ғылым саласында 15-16 жылдан бері қызмет атқарып жүрміз. Қолжазбаны оқып, төтеден кирилл әрпіне көптеген әдеби, фольклорлық қолжазбаларды көшіріп, талдап, ғылыми еңбек етіп шығарып келеміз. Осы салаға бейімделіп қалдық. Бірнеше жыл бұрын ғылыми дәреже қорғау үшін PhD докторантураға түскенбіз. Енді қорғайтын уақыт келіп тұр. Диссертация, отандық журналдардағы мақалалар әзірленді. Алайда, шетелдік журналға мақала шығару қиын болып тұр. Өйткені, біздің жыршы-жырау, ақын, өлеңші, шежіреге байланысты жазған мақала өтімді емес. Сырт елге елең еткізер дүние керек шығар. Біз техникалық салада оқымағандықтан, Scopus талабын гуманитариядан талап етпесе екен. Әдебиеттану, мәдениеттану, фольклористика, тарих, этнография саласын Scopus алып тастаса, жөн болар еді. Бұл өз кезегінде ұлттық құндылықтың дәріптелуіне үлкен жол ашады. Нақты ғылым саласын коммерциялауға болатын болар. Бірақ гуманитария ұлттық идеологияға қызмет қылатынын ұмытпайық.

Көптеген адамдар «қашан ғылым докторы атанасың» деп сұрайды. Бәлкім, шетелге мақала жариялау тәртібі болмаса, баяғыда ғылым дәрежесін алар едік. Егер ғалымның жағдайы жақсарса, отбасы әлеуметтік қамсыздандырылса, кредит, ипотека деген мәселе шешілсе, қазақ ғалымдары ұлттық құндылық пен ұлт руханияттың баюына зор септігін тигізері анық.

P.S.

Бүгінгі жаһандық ғылымның бастауында IT саласын, смартфондар мен заманауи көліктер түрлерін, жасанды интеллект пен жаңа технологияларды өркендеткен Шығыс Азия мен Батыс елдері тұр. Олар ғылымдағы тың жаңалықтарымен әлемді аузына қаратып отыр. Дәп сондай дәрежеге жету үшін, өркениетті елдер қатарына қосылу үшін қазақ ғылымына серпіліс қажет. Ал ғылымға көңіл бөлінген күні көптеген түйткілдер өздігінен шешілері ақиқат.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Хакім Абай «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп қазақ қоғамына ой тастады. Осыдан артық айтар аксиома жоқ шығар. Ғылымның тамырына қан жүгірту – заман талабы.

XXI ғасыр түрлі сын-қатерден өтпелі кезең сияқты. Бір бүйірден жаһандану заманы қысып барады. Екінші тұстан геосаясат салқыны да алаңдатады. Адамзат кезінде аспанға ұшып, айды бағындырып, лезде әлемді кездуді қалады. Бұл арманға ізденістің арқасында жетті. Аристотель ғылымның шамын жақты. Әл-Фараби әлемнің екінші ұстазы атанды. Ибн Сина медицина атасы атанды. Әбу Райхан әл-Бируни жердің геоцентрлік жүйесін ойлап тапты. Ньютон тартылыс заңын айналымға енгізді. Ал Альберт Эйнштейн физиканың негізгі теориясын жасады. Кейбір «ақылды бастар» білгірлігі асып, адамзатқа қауіпті нәрсе жасағанын да білеміз. Солардың бірі – динамит. Оны Альфред Нобель жасаған дейтін тұжырым бар. Тағы бірі – «Қалашников автоматын» ойлап тапты. Сондай-ақ, адамзаттың тажалы – сутегі мен атом бомбалары күні бүгінге дейін күллі жаһанға қауіп төндіріп келеді.

Бұл да адамзат үшін шектен шыққан зауалдың көрінісі болса керек-ті.

Жалпы, ғылымға көңіл бөлудің түрлі жолы, сан қыры бар. Әйтсе де, дамытатын сала бар да, дамытпайтыны тағы бар. Бүгінде өміріміздің барлық саласына дендеп бара жатқан осындай дүдәмал күдік туғызар құбылыс – жасанды интеллектке байланысты қауіпті ойлар да қарапайым пендені алаңдатпай қоймас. Күндердің күнінде сол жасанды интеллектіңіз «ғайыптан тайып», адамзаттың өзіне қарсы шығып, әлгі 5-6 державалардағы атом бомбасының тетігін басып жіберсе, жарты әлемнің күлі көкке ұшады емес пе?! Мұны ойлап жатқандар бар ма?

Дегенмен, білім құған, ілім іздеген ел озады. Әлемнің дамыған державаларының даму қарқынына зер салсаңыз, әуелі ғылымға көңіл бөлен. Статистика бойынша дамыған мемлекеттер ЖІӨ едәуір бөлігін ғылымға жұмсайды (шамамен алғанда: АҚШ – 7-8%, Жапония – 5-6%, Еуропа елдері – 5%, Қытай – 4% және т.б.) екен. Бұл аталған дамыған және дамушы елдер ғылымды басты орынға қояды. Олар ғылымды ұлттық экономикаларының басты драйвері санайды.



ЕҢБЕК АДАМЫ

Әйел адам – отбасының берекесі ғана емес, ел игілігіне еңбек еткен қайраткер де бола алады. Айналамызда көптеген нәзікжандылар өмірдің түрлі салаларында жетістікке жетіп, ауыр жұмыстарды да ер-азаматтармен қатар атқарып келеді. Осындай жандардың қатарында апалы-сіңлілі Зәуре мен Гүлнар Жалғасбаеваларды да атар едік. Олар Алматы қаласын сапалы ауызсумен қамтамасыз ететін күрделі салада еңбек етіп келе жатыр.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала тұрғындары үшін су – күнделікті қажеттілік. Бірақ оның үздіксіз әрі сапалы жеткізілуінің артында үлкен еңбек жатыр. Бұл міндетті орындау – аса үлкен жауапкершілікті, қырағылық пен біліктілікті қажет етеді. Осы салада жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан Зәуре пен Гүлнар – өз ісінің нағыз мамандарына айналған.

Су сапасын бақылаймыз

Зәуре Жалғасбаева – «Алматы Су» МКК-нің «Батыс» сумен жабдықтау және су бұру бөлімінде оператор қызметін атқарады. Бұл саладағы еңбек өтілі 10 жылдан асады. Оның негізгі міндеті – үш миллионға жуық тұрғыны бар мегаполисті таза ауызсумен қамтамасыз ету үшін судың құрамындағы гипохлорид мөлшерін тұрақты деңгейде ұстап отыру.

– Біз үш тәулік сайын ауысыммен жұмыс істейміз. Тәңертең келгенде алдымен территорияны тексеріп, кезекшіліктегі әріптестерімізден жұмысты қабылдап аламыз. Судың сапасын мұқият бақылап, гипохлорид деңгейін тексереміз. Қала тұрғындарының денсаулығы мен өмір сапасы біздің жұмысымызға тікелей байланысты болғандықтан, бұл іске өте жауапкершілікпен қараймыз, – дейді Зәуре апай.

Ол саладағы білікті мамандардың бірі, Омск қаласындағы ауыл шаруашылық институтын бітіріп, кейін Алматыға қоныс аударған. Жұбайы Халмудин Сүлейов те «Алматы Су» мекемесінде слесарь болып жұмыс істейді.

– Жұмысымыз жеңіл емес. Түнгі ауысымда да қызмет етеміз, барлық жүйені үнемі бақылап отыру қажет. Насостар істен шықпауын, жарық өшпеуін қадағалаймыз. Кез келген ақау туындаса, бірден диспетчерге және басшылыққа хабарлаймыз, – дейді ол.

Зәуреш апайдың өмірдегі ең үлкен арманы – балалары мен немерелерінің амандығы.

ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

ПОГОН ТАҚҚАН НӘЗІК ЖАН

Полицей қыздарға қоғам да мұқтаж

Әдетте қатаң тәртіппен міндет атқару тек шың болаттай берік ер-азаматтардың жұмысы болып көрінеді. Бірақ мұндай жауапты қызметтерде гүлдей нәзік жандардың да абыройлы жұмыс істеп жатқанына назар аударма бермейміз. Көпшілікке әйел табиғаты нәзік, сезімтал болып көрінгенімен, олар өз кәсіби қызметінде жауапкершілік пен қайсарлықтың ең үздік үлгілерін көрсетіп те келеді. Сол қатардағы біздің кейіпкеріміз – Айза Нұрбек қазір өзі бала күнінен армандаған мамандығында табысты қызмет етіп келеді.

Талмас талап пен жауапты міндет

«Мен бала кезімнен осы салада жұмыс істеймін деп армандадым. Тіпті, осы салаға керек мінез-құлық пен дағдыға бала күнімнен өзімді бейімдеп өстім десем де болады», – дейді ол бала арманымен бөлісіп. Ол ауыр да жауапты қызмет көпшілік ойлағандай тек ер адамдарға ғана тән емес деп санайды. Әйелдер де ең қиын жағдайда да табандылық танытып, өз кәсібін сәтті атқара алады.

Погон таққан қызметінің айрықша талаптар мен қиындықтарды да бары белгілі. Айзаның айтуынша, олар үнемі 24/7 байланыста және кез келген жағдайда дереу әрекет етуге дайын болуы тиіс. Бұл саладағы қызметкерлер үшін тағы бір мәселе – жеке өмірі мен қызметі арасында үйлесімді ұстап қалу. Ұдайы жоғары жауапкершілікті талап ететін салаларда көбінше қызметкерлердің отбасылық немесе жеке өмірлеріне әсер етіп жататыны жасырын емес. Болашақта отбасылы болған жағдайда кішігірім қиындықтар туындауы мүмкін екенін өзі де мойындайды.

Жұмыс барысында Айзаға түрлі оқиғалар, қилы тағдырларға кез болады. Әсіресе, сәтсіз құрылған отбасындағы жағдайлар,

жылаған ана, жетім бала тағдырлары, жан күйзелісі, жүздегі кірбің, жанардағы жас, мұның бәрі қатаң да айбарлы қызметтік форма ішіндегі қыз жүрегіне қиындық туғызбай қалмайды. Әйтсе де, біздің кейіпкеріміз үшін осының бәрі қызметтің маңызын арттырып, оған деген адалдық пен жауапкершілікті ескертіп отыратындай. Қызметтің ерекше талаптарының бірі – балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету дейді ол. Қиын жағдайдағы отбасылардан балаларды қорғау, оларды мейірімділік пен қамқорлыққа бөлеу – бұл саладағы қызметкерлердің ең басты міндеттерінің бірі. Айзадан бұл істің маңыздылығын сұрағанымызда:

«Шын мәнінде, бұл жауапкершілік – ең үлкен сынақтардың бірі. Себебі, ана үшін ең маңыздысы балалардың қауіпсіздігі. Біз олардың болашағын сақтап, қорғауға міндеттіміз, – деген жауабымен бөліскен еді.

Қатаң ереже мен нәзік сезімдердің үйлесімі

Полицей формасын тек ер адамдармен ғана елестету дағдысы ескірді. Қазіргі әлеуметтік өмірде бұл салада нәзікжанды қыз-келіншектерге де көптеп орын беру-

– Әйел бақыты – отбасының берекесі мен ұрпағының амандығында. Жұмыстан тыс уақытта балаларым мен немерелерімнің қасында болған сәттер – мен үшін ең бақытты кездер. Сонымен қатар, Алматы халқын сапалы ауызсумен қамтуға өз үлесімізді қосып жүрсек, бұл да үлкен мақтаныш, – дейді ол.

Әпкем – өмірлік тірегім

Зәурештің сіңлісі Гүлнар болса, осы салада 5 жылдан бері еңбек етіп келеді. Қазір «Алматы Су» мекемесінде су қондырғысының машинисі болып жұмыс істейді. Жауапты міндеті – қаладағы насос жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

– Жұмыс алдындағы міндет – аумақтың тазалығын тексеру. Одан кейін насостар мен басқа да қондырғылардың жұмысын қарап, олардың қалыпты жағдайда екенін анықтаймыз. Біздегі «Центрабежный» қондырғысында төрт насос бар. Оның екеуі «Запад» учаскесіне, ал қалған екеуі Наурызбай ауданын сумен қамтуға бағытталған, – дейді Гүлнар өз жұмысын таныстырғанда.

Гүлнардың жұбайы Оңталап Тоқмырзаев – Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тумасы. Қазіргі уақытта ол Балқаш ауданында жұмыс істейді.

– Ұлым Ақниет Ж.Елебеков атындағы музыка колледжінде 2-курста оқиды. Әрқашан соның тілеуін, елімнің, жұртымның тілеуін тілеумен отырам, – дейді Гүлнар.

Гүлнар үшін апасы Зәуреш – өмірлік тірек. Бір ұжымда еңбек еткендіктен, бір-біріне әрдайым қолдау көрсетіп, жұмыс барысын да, өмірдегі мәселелерді де бірге бөлісіп отырады.

Су – тіршілік көзі, ал оны жеткізу – жауапты іс. Апалы-сіңлілі Зәуре пен Гүлнар өз жұмыстарына адал, кәсіби мамандар. Олардың арқасында Алматы қаласының тұрғындары таза әрі сапалы ауызсу тұтына алады.

Су саласы – үлкен жауапкершілікті талап ететін күрделі сала. Бірақ бұл жұмысты нәзік жүректі, мейірімді жандар да ерлермен тең дәрежеде атқарып келеді. Қыздардың қажырлы еңбегі – соның жарқын дәлелі.

Қала халқын таза ауызсумен қамтамасыз ету жолын да аянбай тер төгіп жүрген Зәуре пен Гүлнардай жандарға алғысымыз шексіз. 8 наурыз мерекесі қарсаңында Сіздерге әр күніңіз көктемдей жылы, гүлдей әсем, күндей жарқын болсын деп тілек айтамыз.

де. Дәстүрлі танымымызға сай қыз баласын сыпайы да биязы мінезге баулып, көркемдік пен нәзіктің жолына қарай тәрбиелейді. Қайсарлық пен өжеттікке де баулиды. Кейіпкеріміздің сөзінше, осы ұлттық тәрбиенің өзі олардың табиғи сезімталдығымен үйлескенде полицей әйелдер үшін қызметтегі қиындықтарын жеңуге үлкен күш береді.

Бұл пікірді қолдайтын тағы бір себеп – әйелдер мен қыздардың шынайы мейірімділігі мен жанашырлығы. Олар өз ісінде тек кәсіби талаптарды ғана емес, адамның жүрегін де қозғайтын нәзік сезімдерді де үйлестіре біледі. Осылайша олардың қызметі тек қатаң тәртіп пен ережелерді сақтау ғана емес, сонымен қатар адамгершілік пен моральдық құндылықтарды насихаттауға да бағытталған.

Айза осы салаға қызығатын нәзік жандарға да өз тәжірибесін бөлісуге дайын. Ол үміткерлерге қызметтің талаптары мен қиындықтарын ескере отырып дайындалуға кеңес береді.

«Егер сіз осы салаға енгіңіз келсе, өзіңізге деген сенімділікті жоғалтпаңыз. Қыздардың табиғи нәзіктігі мен мейірімділігі – ең үлкен күш болып табылады. Бірақ қызметтің талаптары мен қиындықтарын да ұмытпаңыз. Әрбір жағдайға дайын болыңыз, өзіңізді үнемі жетілдіріңіз», – дейді полицей қыз.

Погон таққан нәзік жан – бұл қазіргі заманның шынайы кейіпкері. Ондай жандар арамызда аз емес. Қиын талаптар мен ауыр міндеттерге қарамастан, әйелдер өздерінің табиғи нәзіктігі мен мейірімділігін жоғалтпай, қызметте мықтылық пен қайсарлықтың үлгісін көрсетіп келеді. Айзаның өмірбаяны мен кәсіби жолы соның бір ғана дәлелі.

Балаларды қорғау, отбасыларды қолдау, қоғамдағы осал топтарға қамқорлық жасау – мұның бәрі тек кәсіби міндет емес, адамның жүрегінен орын алатын қасиеттер.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МАРАПАТ

ҒЫЛЫМ ЖҮГІН КӨТЕРГЕН НӘЗІКЖАНДЫЛАР

Н.Базанова атындағы марапат табысталды

Ғылым ордасында Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы алғаш рет отандық әйел-ғалымдарға арналған академик Н.Базанова атындағы марапатты салтанатты түрде табыстау рәсімін өткізді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Атаулы іс-шараға 400-ге жуық отандық ғылымды дамытуға айрықша үлес қосқан жетекші әйел-ғалымдар, ғылыми қызметкерлер, оқытушылар мен жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың басшылары қатысты.

Найля Оразғұлқызы Базанова (1911–1993) – Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы әйел-академик, биология ғылымының жаңа саласының – ауыл шаруашылығы жануарларының физиологиясының негізін қалаушы. Ол қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш биология ғылымының докторы (1945), профессор (1946), Қазақ КСР ғылым академиясының академигі (1951), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері (1946).

Қазақстанда ғылыммен айналысып жүрген зерттеуші мамандар арасындағы әйелдер саны 12 мыңға жуық. Бұл жалпы ғалымдар санының 55,6%.

Ғылыми дәреже қорғаған аруларымыздың қатары жыл сайын өсіп келеді. Мысалы, биыл әйел арасында ғылым докторлары – 848-ге жетті, ғылым кандидаттары – 2872-ге, PhD докторлар – 1806-ға жетті.

Біздің деректеріміз бойынша, 2024 жылы қазақстандық әйелдер Web of Science және Scopus журналдарында 3100-ден астам мақала жариялады, оның ішінде 1400-ден астамы – бірінші автор ретінде көрінді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда, 15%-ға артық. 2024 жылы Web of Science бірінші квартиліндегі ең беделді журналдарда қазақстандық ғалым әйелдеріміз жариялаған мақалалар саны 500-ден асты.

Тұңғыш отандық әйел-ғалымдарға арналған академик Н.Базанова атындағы

марапатпен 48 отандық ғылымның дамуына айрықша үлес қосып жүрген, ғылыми әлеуеті жоғары, ғылымның әртүрлі бағыттарында үздік нәтиже көрсеткен, жетекші әйел-ғалымдар мен ғылыми қызметкерлер салтанатты түрде марапатталды. Марапатқа лайықты үміткерлер университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары ұжымдарының ұсыныстары бойынша анықталды.

ҚР Президентінің жанындағы ҰҒА Президенті А.Қ.Күрішбаевтың Халықаралық әйелдер күніне орай үздік нәтиже көрсеткен, ғылыми әлеуеті жоғары, жетекші әйел-ғалымдар мен ғылыми қызметкерлерді академик Н.Базанова атындағы марапаттарды табыстап, құттықтады.

– Бұл мереке – бүгінде барша нәзікжандыларға деген шексіз сүйіспеншіліктің нағыз символына айналды. Халқымыз «Жұмақ – Ананың ізінде, шуақ – Ананың көзінде» деген. Бүкіл адамзат тірлігінің тегі де, тірегі де, киесі де сіздерсіздер. Батырдың ерлігіне, ақынның өлеңіне, сазгердің сазына, суретшінің шабытына күш беретін құзырет – сіздердің жүректеріңізде! Сондықтан барлық мадақ пен құрмет бүгін сіздерге арналады. Өткен бір жылдың

ішінде қаншама жас ғалым қыздарымыз мемлекет басшының тапсырысымен пәтер алды. Мемлекеттік сыйлықтар, стипендия, гранттар иегерлері атанды. Бұл үрдіс әлі де жалғасады деп сенеміз, – деді ол.

Сонымен қатар, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, ҰҒА алғаш рет отандық әйел-ғалымдарға арналған академик Н.Базанова атындағы марапат иегері Бақытжан Әзібаева өз лебізін білдірді.

– 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында академик Нәйлә Базанова атындағы сыйлықпен ғылымда аянбай еңбек етіп жүрген әйелдерді құттықтағаны өте орынды болды. Ғылымды махаббатпен шын жақсы көру керек. Сонда ғана ізденістің нәтижесі көрінеді. Әйелге біраз нәрсе байланысты. Отбасы құндылығын да ұмытпаған дұрыс. Біз сияқты ғылым саласында қызмет істеп келе жатқан нәзікжандыларды елеп-ескерген Академия, институт басшылығына марапаттаған кісілерге, құттықтаған жандарға үлкен рахмет! Ізімізді жалғаушы жастарға жұғысты болсын, – деді профессор Бақытжан Уәлиқызы.

БРИФИНГ

АЛМАТЫ АРУЛАРЫ

қай салада жүрсе де, гүлдей әдемі

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ресми алаңына бүгін әртүрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген арулар бас қосты. Жетістіктерін бөлісті, қыз-келіншектердің қоғамдағы орны туралы әңгімеледі.

Нұржамал
ӘЛІШ

Мәселен, «Almaty Marathon» директоры және марафоншы Салтанат Қазыбаева спорттағы әйелдер бейнесі, табысы туралы тарқатты.

«Менің спортқа деген сүйіспеншілігімді әкем мен ағам оятты. Мен ешқашан кәсіби спортпен айналысқан емеспін, бірақ жүгіру мен триатлонға әуестене бастадым. Бүгінде Ironman болып саналамын, бұл қашықтықты 5 рет жеңдім», – деді ол.

Сондай-ақ, ол бұрын, яғни 2012 жылдары марафоншы әйелдер өте аз болға-

нын, ал қазіргі күні кейінгі 14 жыл ішінде өткен іс-шараларға 39 мың адам қатысқанын, олардың 14 мыңы әйелдер екенін атап өтті.

Ал қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Клара Летникова Алматыны абаттандырудағы елеулі еңбегі туралы айтып берді.

«Мен Алматыда 1958 жылдан бері тұрамын. Құрылыс басқармасының бастығы қызметін атқардым, қаланың дамуына жетекшілік еттім. 60–70 жылдары шаһар қарқынды дамыды: жолдар, ықшамаудандар, даңғылдар салынды, жаңа нысандар бой көтерді. Әсіресе, әйгілі саябақта 28 панфиловшыға арналған ескерткішті жасауға қатысқанымды мақтан етемін», – деді ардагер.

Орталық Азиядағы «Логистикадағы және көліктегі әйелдер» ұйымының төрайымы Марина Кузнецhevская болса әйелдердің көбіне ер-азаматтар істейтін саладағы әйелдер рөлі туралы айтып берді.

«Мен бесінші буындағы алматылықпын, логистикада 20 жыл бұрын жұмыс істей бастадым. Бұрын бұл ерлер саласы



деп есептелетін, бірақ бүгінде әйелдер тамаша талдаушы, менеджер және тіпті ұшқыш бола алатынын дәлелдеді. Қазір авиация мен логистикада мыңдаған әйел жұмыс істейді», – деп атап өтті ол.

ҚР ИІМ Алматы академиясының Құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының

бастығы, полиция полковнигі Майя Тоқсанова да қыз-келіншектердің үй мен түздің жұмысын тең алып жүргенін тілге тиек етті.

Ресми форматта өткен брифинг ауасын аруларға ұсынылған қызғалдақтар да жылытты.



СЕМИНАР

АВИАЦИЯДА ӘЙЕЛДЕР ҮЛЕСІ АРТҚАН

Алматыда алғаш рет ИКАО аймақтық іс-шарасы өтті

Орта Азияда тұңғыш рет авиациядағы гендерлік теңдік мәселесі бойынша ИКАО аймақтық семинары Алматыда өтті. Маңызды халықаралық іс-шараның мақсаты – гендерлік теңдік және азаматтық авиациядағы әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін нығайту. Қазақстанның және шетелдің авиация саласындағы мамандары мен халықаралық ұйымдардың (ИКАО, Eurocontrol, EASA, IATA, IFATCA, SkyTeam, ACYFI және т.б.) әуе компаниялардың өкілдері бас қосып, саланың қазіргі жай-күйі мен авиациядағы нәзікжандылардың рөлін талқылады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Олардың қатарында Милена Боуман, EUROCONTROL әуе кеңестігі, жүйелер және процедуралар жөніндегі атқарушы директоры, Қауіпсіздікті ілгерілету жөніндегі іскер серіктесі, EASA-ның әртүрлілік, теңдік және инклюзия жөніндегі елшісі Антонио Гонсалес-Гомес, Boeing 737 әуе кемесінің командирі Диана Ибраева, «Air Astana» әуекомпаниясының аға екінші ұшқышы Қымбат Артықбай, сондай-ақ, әуе кемесінің екінші санатты бірінші қазақстандық әйелдер экипажының мүшесі Ажар Несіпбаева, отандық әуе компаниялар мен халықаралық әуежайлардың басшылары бар.

Қазақстан авиациядағы гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі ИКАО бағдарламасын толық қолдайды. ИКАО EUR/NAT аймақтық директоры Николас Ралло азаматтық авиация саласында гендерлік теңдікті қолдауда Қазақстан көшбасшы екенін атап өтті. «Біз әйелдердің авиациядағы мүмкіндіктерін кеңейту үшін халықаралық ұйымдармен және салалық серіктестермен жұмысты одан әрі жалғастырамыз», – деді.

Екі күнге созылған жиында «Әйелдерді шабыттандыру», «Авиациядағы гендерлік теңдіктің табыс тарихы», «Жетістікке жету үшін тәлімгерлік» және «Авиациядағы әйелдерге арналған білім беру бастамалары» тақырыптарында панельдік сессиялар ұйымдастырылды. Отандық авиация сала-




Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

сындағы қыз-келіншектер мен тәжірибелі авиаторлар өз жетістіктерін бөлісті. SCAT әуекомпаниясының Boeing 737 ұшағының командирі Диана Ибраеваның айтуынша, халықаралық деңгейдегі басқосудардың отандық авиация үшін маңызы зор.

«Осы семинарды ұйымдастырушыларға көп рахмет айтқым келеді. Бұл шынымен де бірегей оқиға. Бізде тәжірибе алмасып, бір-бірімізді шабыттандыратын және әйел ұшқыштарды қолдайтын тамаша, ашық платформа құрылды. Біз, ұшқыштар, жас

мамандарға бағыт-бағдар беруге, олардың дамуына және авиацияда өз жолын табуға көмектесуге дайынбыз. Мұндай бастамалар жастардың авиацияға деген қызығушылығын оятуға да көмектеседі», – дейді ұшқыш қыз.



МАМАН ПІКІРІ

Жанайым ӘДІЛ,
«Air Astana» әуекомпаниясының әуе механигі:

АВИАЦИЯҒА ШЫНАЙЫ МАХАББАТПЕН КЕЛУ КЕРЕК

Мен авиацияға 2019 жылы келдім. Азаматтық авиация колледжін, кейін академияны, магистратураны тәмамдадым.

Біз әуе кемесінің қауіпсіздігіне тікелей жауаптымыз. Иә, авиация – жай ғана жұмыс емес, бұл үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Мұнда адамдар тек техникалық біліммен ғана емес, шынайы махаббатпен келеді. Әрбір ұшақты ұшуға дайындап, оның әр бұрандасына дейін тексеру керек. Әлемдік стандарттарға сай жұмыс істейміз. Тарихта болған әуе апаттарынан кейін авиация ережелері күшейтілді.

Әуе механигі ұшақтың дөңгелектерін ауыстырып, гидравликалық сұйық-тықтарды жаңартады. Ұшақ қонған сәтте біз перронда дайын тұрамыз. Кейін ұшақтың барлық негізгі бөліктерін тексеріп, отын құю, дөңгелек қысымын өлшеу, жүйелерді бақылау сияқты жұмыстарды атқарамыз. Апатты жағдайға ұшаққа құс соқтығысу, найзағай түсу, ауа райының әсері сияқты түрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Бірақ әрбір ұшақта қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жүйе бар. Егер рейс техникалық себептерге байланысты кешіксе, оның басты себебі – жолаушылардың қауіпсіздігі.

Колледжде төрт қыз оқыдық, бірақ мамандық бойынша жалғыз мен ғана жұмыс істедім. Бастапқыда әріптестерім тек ер адамдар болды, бірақ қазір қыздардың қатары көбейіп келеді. Бұл салада әйелдер аз, дегенмен біз техникалық жұмыстарды ерлермен тең дәрежеде атқара аламыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Салтанат ТОМПИЕВА, Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің төрағасы:

САЛАДА ГЕНДЕРЛІК ШЕКТЕУЛЕР ЖОҚ

Бүгінгі тақырып – азаматтық авиациядағы мансаптық жетістіктер мен осы салаға жастарды тарту. Біз қыздарды ғана емес, жалпы жастарды авиацияға шақыруды мақсат етіп отырмыз. Меніңше, біз гендерлік теңдік бойынша көш бастап тұрмыз. Қазіргі таңда бұл салада 23 мыңға жуық маман жұмыс істейді, олардың 40 пайыздан астамы – әйелдер, яғни шамамен, 9500 адам. 34 ұшқыш әйел бар, тіпті, олардың арасында әуе кемесінің командирі қызметін атқаратындар да кездеседі. Сондай-ақ, 100-ден астам әуе диспетчері, шамамен 600 инженер және әуежай қызметтерінде 2200-ден астам әйел еңбек етеді. Сондықтан осы семинардың маңызын ерекше атап өткім келеді. Қоғамда әлі де бар кедергілер мен гендерлік стереотиптерді жоюға көмектеседі. Біз «мына мамандық әйелдерге емес, ерлерге арналған» деген ескі көзқарастан арылуымыз керек. Авиация саласында жұмыс істейтін әйелдер тек билет сатады немесе бортсерік ғана бола алады деген түсінік қате. Қазақстанда әуе қауіпсіздігіне жауапты қыз-келіншектер жетерлік.

– Неліктен дәл Қазақстан таңдалды? Бұған дейін бұл семинар қай елдерде өтті?

– Жиынның ашылу рәсіміне Парижде орналасқан аймақтық бюросының директоры қатысты. Жалпы, азаматтық авиация жөніндегі халықаралық ұйым – БҰҰ-ның құрылымы және оған 56 мемлекет, соның ішінде Қазақстан да кіреді. Николай Ралло атап өткендей, Еуропа мен Солтүстік Атлантика аймағының бюросы гендерлік теңдік тақырыбындағы мұндай іс-шараны алғаш рет ұйымдастырып отыр. Ал Қазақстанның таңдалуы – біздің елдің авиация саласындағы гендерлік теңдік және әйелдер саны бойынша көшбасшы екендігінің айғағы.

– Авиация саласының қай бағыттарында әйел мамандар жеткіліксіз? Салада кадр тапшылығы бар ма?

– Бұрын ұшқыш тек ер адам болуы керек деген түсінік қалыптасқан еді. Алайда, менің ойымша, бұл мамандықты кез келген адам игере алады, мейлі ол ер адам болсын, мейлі әйел болсын. Ең бастысы – адамның кәсіби біліктілігі, тәжірибесі мен мақсаты болуы тиіс.

Иә, азаматтық авиацияда кадр тапшылығы байқалады. Себебі, бұл сала өте қарқынды дамып келеді. Басқа елдерде мұндай қарқынды даму жоқ. Ішкі және халықаралық әуе тасымалының артуына байланысты мамандарға сураныс жоғары. Былтыр ИКАО (Халықаралық азаматтық авиация ұйымы) біздің елде өткен оқу-жаттығу рейсі туралы жазды. «Qazaq Air» әуе компаниясында тек әйелдерден құралған экипаж 4 рейсті сәтті орындаған болатын. Яғни қазіргі таңда бұл салада гендерлік шектеулер жоқ, әйелдер ұшқыш, инженер, механик болып жұмыс істей алады.

ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ



«САХАРА САНДУҒАШЫ»

ҚР Ұлттық кітапханасында Қазақстанның мәдениет және өнер саласына ерекше үлес қосқан диктор, «Қазақ радиосының» ардагері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Сауық Жақанованың 80 жасқа толу мерейтойына орай, «Сахара сандуғашы» атты кітаптың тұсауы кесілді.

Е р е к ш е

дауыс иесі

атанған

Сауық Жақанова

еңбек жолын

Қазақ радиосының

дикторы ретінде

бастап, осынау

қарашаңырақта

талмай еңбек

етіп, құлаққа

жағымды үнімен

халық жүрегіне

жол тапқан жан.

Қазақ радиосының

бетке ұстар

дикторларының

біріне айналып,

«Сандуғаш үнді

Сауық» атанады.

Қазақтың шұрайлы

тілін бұзбай, әдемі

қалпында радио арқылы көпшілікке жеткізген диктордың шығармашылығы мен еңбегі жоғары бағаланды.

Сауық Мәсіғұтқызы 1985 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталса, 1995 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі» атанады. Ерен еңбегі үшін 2021 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Қарашаңырақ «Қазақ радиосында» 2002 жылға дейін үздіксіз қызмет етті.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА – 30 ЖЫЛ!

Майя МАНЕЗА:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ШЕКСІЗ РИЗАМЫН!



Майя Манезаның есімі Қазақстан тарихында ерекше аталады. Ауыр атлетика саласындағы айтулы зілтеміршілердің бірі, Лондон – 2012 Олимпиадасының чемпионы. Ол сынаққа толы жолдардан өтіп, жеңіске толы жылдардың куәсі болды. Спорттағы мансабын сәтті аяқтаған «толағай қыз» бүгінде өмірдің жаңа бетін ашты.

– Майя Салахарқызы, ең алдымен сізді көктем мерекесімен құттықтаймыз! Осынау әдемі күні сіз кімге ризашылығыңызды білдірер едіңіз?

– Әрине, мен ең алдымен Қазақстан сынды алып ел мен оның дархан пейілді халқына шексіз ризашылығымды білдірер едім. Бұл ел қазір менің туған үйіме айналды. Менің арманымның жүзеге асуына мүмкіндік берді. Менің өмірімде кездескен ең қиын сәтте де қолдау көрсетті. Мен бұл қолдауды кәсіби спорттағы алғашқы қадамымнан бастап, олимпиадалық тұғырға көтерілгенге дейін сезіндім. Әлі де сезініп келемін. Қазақстан мықты болуға, өзіме сенуге және ешқашан жеңілмеуге үйретті. Егер маған сенім білдірмесе, көп нәрсеге қол жеткізе алмас па едім, кім білсін?

Марқұм жолдасым Вячеслав Ершов менің жаттықтырушым ғана емес, менің өмірдегі арқасүйерім болды. Ол спорттан кейін де өмір барын, қалай өмір сүру керек екенін үйретіп кетті. Әрине, мен оны әркез сүйіспеншілікпен еске алып отырамын. Әттең, егер қасымда қазір болса, ерекше алғыс айтар едім. Сонымен қатар, менің жаттықтырушыларыма, мені қатайтып, қиындықтарды жеңуге көмектескен жан-дарға, менің отбасыма сүйіспеншілігім шексіз.

Осынау 30 жыл бойы бізді біріктіріп келе жатқан, үлкен шаңырақ Қазақстан халқы Ассамблеясына ризамын. Мен әрқашан осынау бейбіт елде тату-тәтті өмір сүріп жатқанымызды мақтанышпен айтып отырамын.

Менің артымда сенім артқан елім тұрды

– Спортта сіз үшін команданың не-

месе жаттықтырушының сөзі шешуші сәт болған кезі болды ма?

– Иә, мұндай сәттер көп болды. Кейде сіз физикалық тұрғыдан дайын болсаңыз да, іштей қорқыныш болады. Міне, сол кезде жаттықтырушының бір ауыз сөзі мен команданың қолдауы бәрін өзгерте алады. Мәселен, платформаға шықпай тұрып қолдарым дірілдеген сәттер әлі күнге есімде. Сондай сәтте менің жаттықтырушымның «бұл сенің қолыңнан келеді немесе сен қолыңнан келгеннің бәрін жасадың» деген бір ауыз сөзі маған жетіп жатты. Өйткені, менің артымда маған сенім артқан елім мен командам тұрды.

– Лондон – 2012 Олимпиадасы сіздің мансабыңыздың шарықтау шегі болды. Қазір сол күнді еске аласыз ба?

– Әрине, бұл күн менің жүрегімде мәңгіге қалды. Алғашында Олимпиада чемпионы болғанымға сенбей, әрі-сәрі күйде тұрғаным рас. Өйткені, бұл Қазақстанның жеңісі. Әрбір спортшы үшін өз елінің туын тұғырдың ең биік сатысында тұрып көтерген сәт маңызды. Міне, сол жолы мен де сондай бақытты сәтті басымнан кештім.

– Сіздің спорттық жолыңыз оңай болған жоқ. Қиын сәтте спорттан бас тартқыңыз келген кез болды ма? Сізге кім, не көмектесті?

– Ең алдымен, өзіне деген сенім, сосын өз еліңе және халқына деген сенім дер едім. Қиын сәтте Қазақстан атынан қатыса-тынымды есіме түсірдім. Менің бас тартуға құқығым жоқ екенін білдім. Өйткені, маған сенім артқан отбасым, менің халқым тұр.

Қазақстан менің бойымдағы күрес рухын оятты

– Жалпы, спортшылар жеңілістің

Бүгінде есімі елге белгілі Қазақ радиосының ардагері 80 жасқа толып отыр. Осынау мерейтойға арналып жарық көріп отырған «Сахара сандуғашы» кітабы Сауық Жақанованың өмірі мен шығармашылығына арналған.

Сонымен қатар, Сауық Мәсіғұтқызының өмір жолы, Қазақ радиосындағы қызметі, ұстаздық еңбегі мен ел мәдениетінің дамуына қосқан үлесі толықтай қамтылған. Іргелі туындының жарық көруіне ҚР еңбек сіңірген қайраткері, баспагер Рақымғали Абрарұлы Құл-Мұхаммед қаржылық демеушілік жасап, тікелей қолдау көрсетті. Кітап «Атамұра» баспасынан жарық көрді. Құрастырушылар – ҚР Ақпарат саласының үздігі, көрнекті қаламгер Таңсұлу Алдабергенқызы мен ҚР Журналистер одағының мүшесі, радиожурналист Жазира Амантайқызы. Кітап редакторы – қаламгер Гүлім Сыдықова.

Тұсаукесерге қатысушылар Сауық Жақанованың болмысын ашып, бет-бейнесін сомдаған туынды ғұмырының ұзақ болатынына сенім білдірді. Осылайша тағы бір тарихи туынды оқырманына жол тартты.

өзінен көп нәрсе үйренуге болады деп жиі айтады. Сіздің сынақтан сабақ алған кезіңіз болды ма?

– Әрине, жеңілістерден де, жеңістерден де көп нәрсе үйренуге болады. Мен үшін ең маңызды сабақ қандай дейсіз ғой. Ешқашан бас тартуға болмайды. Қазақстан менің бойымдағы күрес рухын оятты.

– Сіз Олимпиада медалінен айырылдыңыз, бірақ содан кейін ақталдыңыз. Қайта дәлелдеу қаншалықты қиын болды?

– Шынын айтсам, сол кез менің өмірімдегі ең қиын сынақтардың бірі болды. Бірақ мен шындықтың менің жағымда екенін білдім. Сондай қиын сәтте Қазақстан маған зор қолдау көрсетті. Бұл қолдау маған күш берді.

– Сіз спорттағы мансабыңызды аяқтағанда қандай сезімде болдыңыз? Жалпы, қазір немен айналысып жүрсіз? Жарыссыз, жаттығусыз уақытыңыз қалай өтіп жатыр?

– Бұл кезең маған оңайға соқпады. Өйткені, спорт – менің өмірім. Бірақ бұл жолда да Қазақстан менімен бірге екенін танытты. Қазір мен өзімді басқа қырымнан тапқандаймын. Отбасымдағы кішкентай ұлым мен қызыма аналық махаббатымды арнап, көп уақытымды бөлемін. Бірақ спорт менің өмірімнің бір бөлігі болып қала береді. Әркез өз тәжірибемді жас спортшыларға үйретуге дайынмын. Қазақстанның атын шығаратын көптеген чемпиондар шықса, оған өз үлесімді қоссам деймін. Кезінде жолдасыммен «Майя Манеза» атты шығыс медицинасы орталығын ашқан едік. Қазір сол орталықтың жұмысын жалғастырып жатқан жайым бар.

Ең бастысы – тілек пен рухтың күші

– Ауыр атлетика әйелдердің қолы емес деген пікірге қалай қарайсыз?

– Иә, ондай пікірдің бар екенін білемін. Бірақ мен өзімді мысал етіп, спортта жыныс жоқ екенін дәлелдедім. Бұл жерде ең бастысы – тілек пен рухтың күші дер едім.

– Ауыр атлетика адамның мінезіне әсер етеді деген пікірге көзқарасыңыз қалай? Сіз өмірде қандай адамсыз?

– Кім білсін, бірақ мен олай демес едім. Мәселен, маған қараңызшы, үнемі күлімсіреп жүремін, мейірімді адаммын!

– Өмірде сізге қайта платформаға шығу мүмкіндігі берілсе, келісер ме едіңіз?

– Әрине, келісер едім. Өйткені, тұғырда тұрып Қазақстан байрағын көтеру бұйыра бермейтін бақыт!

ПЕРЗЕНТ



ТАЛҒАМЫ ДА, ТАҢДАУЫ ДА БІР

Мадияр мен Алдияр және Жасмин мен Ясмин үлгілі де үздік оқушылар

Егіздер Жетісу ауданындағы №110 мектеп-гимназияның 2 «а» сыныбында оқиды.

Мадияр мен Алдиярдың әкелері Дәурен қалалық жылу жүйесінде еңбек етсе, аналары Гүлмира №110 мектеп-гимназияда ағылшын тілі пәнінен сабақ береді. Дүниеге егіз әкелген ұстаз-ананың айтуынша, қайын жұртында да, төркінінде де егіздер бар екен. Қазір отбасында төрт ұл өсіп келеді. Мадияр мен Алдияр 2017 жылы 15 сәуір «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» күні дүние келген. Олар егіз болғанымен бір-бірін ұқсамайды. Мінездері де әртүрлі.

Мәселен, Мадияр салмақты, көшбасылық қасиеті басым болса, Алдияр көпшіл, әрі еңбекқор. Қазір екеуі де шахмат үйірмесіне қатысады. Сурет салғанды да ұнатады. Мадияр мен Алдиярды сөзге тартқанымызда олар бірден ауыл туралы әңгімелей жөнелді. Айтуларынша, ауылды өте жақсы көреді. Жазғы демалыс басталысымен үш ай бойы ауылда болады екен. Екеуінің де малсақ екені көрініп тұр, төрт түлік малды жатқа біледі.

– Мадияр мен Алдиярдың мінездері де, талғамдары да әртүрлі. Бірақ бір-бірін іздеп тұрады. Бір күні Алдияр ауырып қалды. Ыстығы көтеріліп, іші ауырды. Сол күні Мадияр да ішім ауырып тұрған сияқты дей берді. Бірақ қай жері, қалай ауырып тұрғанын өзі де білмейді. Екеуінде де бізге белгісіз белгілер байқалды. Бірнеше күннен кейін Алдиярдың ауырығаны Мадиярға да сезілетінін түсіндік. Алдиярдың футболға деген қызығушылығы екі жасынан байқалды. Қазір футбол клубына барады. Ал Мадияр болашақта бастық болғысы келеді. Бұл оның отырған отырысы мен жүрген жүрісінен байқалады, – дейді аналары Гүлмира.

Ал келесі кейіпкерлеріміз – Жасмин мен Ясмин керісінше, олар бірбіріне қатты ұқсайды. Екеуі де жүзуге қатысады. Жасмин мұғалім, Ясмин дәрігер болғысы келеді. Дегенмен, екеуінің ерекшелігі жоқ емес. Жасминнің мінезі тұйық, салмақты әрі өзі нәзік болса, Ясмин жігерлі, пысық. Әкесі Жамбыл мен анасы Заринаның айтуларынша, егіздердің бірі ауырса, сыңары да ауырып қалады екен. Дегенмен, талғамдары да, таңдаулары да бірдей көрінеді. Олар бірдей киінгенді ұнатады.

Бір сыныпта оқып жатқан егіздердің басты ұқсастығы төртеуі де сурет салғанды ұнатады екен. Айтпақшы, олардың сынып жетекшісі Гулнар Садықованың да егіз ұлдары мен егіз немере қыздары бар болып шықты.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



БІР ОҚИҒА ІЗІМЕН

«ТӨРДЕ БЕСІК ТҰРСА, ТӨРЕ ДЕ БАСЫН ИЕДІ» немесе есік көзінде қалған бесік мұражайға қалай жетті?..



(Сурет: ҚР Мемлекеттік орталық музейі)

Неге үкі тағады?

Қазақ бесіктің бас жағына үкі қадаған. Жас күнімізде оның себебін сұрамаппыз ғой үлкендерден. Сәндік үшін деп ойлаппыз. Негізі, ол баланың қауіпсіздігі үшін тағылған екен. Үкінің ұясы бір құшақ болатын көрінеді. Керегеден жылан, қарақұрт кіреді дегендей. Ал үкінің қауырсынына жылан да, қарақұрт та жоламайды. Тіпті, шыбын-шіркей түгілі, шаң қонбайды деседі. Қазақ – өте данышпан халық қой. Біздің қазақ аналары үкілі бесігіне сабиін бөлеп қойып, түздегі сан шаруасына алаңсыз шығып жүре беретін болған. Баланың аяғы шыға берген кезде де, аяғын керегеге байлап қойып, арқасына томардай үкі тағып, сырттағы тірлігіне кете берген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Үміт ӘШІМОВА,
ҚР Мемлекеттік орталық музейінің бас қор сақтаушысы:

ҰЛТ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ

Біз былтыр тұңғыш рет «Бесіктер көрмесін» өткіздік. Ерекше сипатта болды. Қазір заман дамыған дейміз. Дегенмен, кез келген халықтың түпкі шыққан тегі, болмысы, ұлттық құндылықтары сақталуға тиіс. Қазақ шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан. Соның ішінде шүмегі, түбегі бар бесікті жаугершілік заманда, үнемі мал соңында, көшіп-қонып жүрген, тұрмыс-тіршілігі қат-қабат ата-бабамыз қалай ойлап тапқан десеңізші! Сәби тоңып қалмай, тәтті ұйқыда жылы жатқан, асты құрғақ, анасына емізуге де ыңғайлы. Әсіресе, бір жерден екінші жерге көшіп жүргенде бесікті түйемен немесе атпен алып жүру ыңғайлы болған. Біздің ұлы

дала тәрбиесінде «Бос бесікті тербетпе» деп отырған. Беймезгіл уақытта оны далаға қоймаған. Үйдің төрінде тұрса да, бетін ашық қалдырмаған. Баланы бөлерде алдымен арша, адыраспанмен аластап алатын болған. Ал бала есейгенде, керексіз заттай сыртқа шығарып тастамаған. Сондықтан бесікті де ұлт дүниетанымының жиынтығы деп әспеттесек артық емес. Бесік тәрбиенің де рөлін атқарған деуге толық негіз бар. Себебі, сәби онда жатып, анасының шырқаған бесік жырын естиді. Ал бесік жыры арқылы ана тілінің шұрайын және шешесінің шексіз мейірімі мен махаббатын сезіне алады. Бесікке һәм бақытқа бөленіп өскен бала – елдің ертеңі.

■ Жәдігер

БІР ҒАСЫРЛЫҚ БЕСІК БАР

• Алматы төрінде орналасқан, екі ғасырлық тарихы бар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорында бесіктер де бар. Еліміздің әр өңірінде жасалған. Олар өзінің құрастырылуымен, қолданылған материалдарымен ерекшеленеді.

КП 28404 деп мемлекеттік есепке алынған тал-бесік – құба талдан иіліп, шеге қолданбай жасалған. Оны былтыр музей қорына саяхатшы, фотосуретші Таймас Қуанышұды Нұртаев тапсырған.

КП 26715 деп нөмірленген ағаш бесік оймыштау тәсілі арқылы безендірілген. 1904 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданына қарасты Ванновка ауылында жасалған. Ұлы жүздің Жұдырық руынан тарайтын Тілмембет Жолшыбек 1904 жылы дүниеге келген тұңғыш қызы Ажаркүлге арнап жасатқан. Ажаркүлден кейінгі дүниеге келген сіңлілері, кейіннен өз қызы, немерелері мен шөберелері осы бесікте жатқан. Бесікке ең соңғы жатқан – шөбересі, 2002 жылы осы бесікке бөленген. Бір ғасыр қолданыста болған бұл бесікке төрт ұрпақтан 26 бала бөленген. Бесікті

■ Facebook

ҚАСИЕТТІ МҮЛІКТЕН БЕЗБЕЙІК

Бүгінде балаларға арналған небір қоларба, манеж дегендер шығып кетті. Соған орай қазақ шаңырағында бесік азайған шығар, бәлкім. Әрине, әркімнің өз қалауы, таңдауы бар. Оның үстіне қазір дәрігерлер де «баланы байлап, матап, құндақтап тастамау керек, бойына қан жүгіріп, еркін жатуы керек» дегенді жиі айтады. Дейтұрғанмен, бесік ұмытылған жоқ, мүлдем жоғалып кеткен де жоқ. Оған әлеуметтік желі қолданушыларының сөзі дәлел.

Ғалия АҚБАСОВА:

– Біз он ағайындымыз. Онымыз да ағаш бесікте тербетіліп өстік. Қазір немерелерімізді бесікке бөлейміз, тап-таза, жып-жылы, ұйқысы тыныш. Бесік жырын да міндетті түрде айтамын. Уақытым болмай жатса, ұялы телефоннан «Бесік жыры» топтамасын қойып қоямын, жылағанын қоя салып, құлақ салады кәдімгідей, сосын тәтті ұйқыға батады. Бесікті қатты қадірлейтін Оңтүстік өлкеміз аман болсын!

Ләззат ТҰРМАҒАМБЕТОВА:

– Екі ұлым да бесікке жатып өсті. Бесік рахат қой, түсінген адамға! Бала тыныш, әрі таза болады. Тіпті, кіші ұлым үш жастан асқанша, ұйқысы келсе бесікке барып өзі жата қалатын. Біреудің үйіне барсақ, ұйықтауы қиын болатын, бесігін іздейтін. Ол кезде памперс деген жоқ, бір жағынан жаялық жуа бермеу үшін уақыт үнемдеуге де жақсы болды. Кез келген үй тірлігін де алаңсыз атқара бердік.

Әсел ҚҰРАҚ:

– Екі ойлы болып жүрмін, бесік керек пе, әлде керек емес пе деп. Оны сатып алып, көшіп-қонып жүруде оңай емес шығар деймін.

Арай ЖҮСІПОВА:

– Біздің үйде атамның 57 жыл болған бесігі бар. Күйеуіме арнап жасалғаны тағы бар, 35 жыл болған бесік. Екеуіне де әулеттегі барлық бала, жиендер де кезек-кезек жатып шықты. Балапандарға әлі қызмет етіп келеді.

Майра АЙТУАРОВА:

– Бір үйдегі жеті бала да бесік жырымен өстік. Тұңғышымды босанғанда марқұм анам бұрынғының жолымен бесігін барлық жабдығымен жасап, арқалап Астанаға жетіп еді. Сонда ата-енем «салттарың қандай жақсы» деп таңқалғанда, мәз болғаным бар. Өзімнің бес баламды да сол бесікке бөледім. Анамның өзі жоқ, бірақ көзі қалды, бесікке қолдан оюлап тіккен көрпе-жастығы сақтаулы, төрімде тұр. Болашақта немерелерімді бөлеймін деп ниеттеніп отырмын.

музей қорына 2003 жылы Улиясбек Салтанат тапсырған.

КП 21748 деп тіркелген бесікті музей қызметкерлері 1987 жылы Орал облысына жасалған этнографиялық экспедиция барысында жинақтап алған. Бесіктің иесі 1923 жылы дүниеге келген Орынша Дүйсенғалиева, руы – беріш. Бұл бесікті 1928 жылы жергілікті шебер жасаған. Бүгінгі күні бұл бесіктің жасалғанына 96 жыл болған. Қарапайым, қолда бар материалдан жасалған бесіктің биіктігі 50 см, ұзындығы 80 см.

КП 19044 деп есепке алынған бесік Қызылорда облысында жасалған. 1984 жылы Орталық музей сол облысқа этнографиялық экспедиция ұйымдастырған. Аталмыш экспедиция барысында бұл бесік Шиелі ауданы, Ы.Жақаев колхозында тұратын ұста Садықов Сейтімхан Әлім немересінен алынды. Бұл әулет әкеден балаға берілген әулеттік ұста-шеберлер болған.

Бүгінде музейде 12 бесік сақталған.

Нұржамал ӘЛІШ,
журналист.





МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ

ӘЙЕЛ – ӨМІР ШУАҒЫ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер мейрамы. Бұл атаулы күн барша нәзікжандыларға арналады. Өйткені, адамзаттың өрісін кеңейтіп, мерейін үстем ететін де – сол ару жандар.

Әлеуметтік өмірдің әр саласында аруларымыз белсенді қызмет атқарып келеді. Олар отбасының шырайын да келтіреді, өмірге ұрпақ әкеліп адамзаттың ертеңін жалғайды. Соған қоса, ғылымды игеріп, медицинаның мәйегін шағып, ұстаздық етіп, ауыр техниканы тізгіндей де алады. Барлық пәлсафалық ойларды қорытсақ та адамзаттың өткені мен бүгінін де, болашағын да әйелдерсіз елестету мүмкін емес.

Көктемнің айрықша мерекесінде абыройлы ел азаматтары аруларды мерекесімен құттықтап, ізгі құрметін, ыстық ықыласын таныту дәстүрге айналған.

Аналарымыздың, асыл жарларымыз бен ару қыздарымыздың мерекесіне мерей үстеу мақсатында елге белгілі бірқатар тұлғаның мерекелік құттықтауын топтастырып отырмыз.



ЛЕБІЗ

Кенжехан МАТЫЖАНОВ, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты бас директоры, академик:

Әйелдер мейрамы құтты болсын!



Дүниеде қазақ әйелінің орны ерекше. Қазақтың аналары отбасының ұйытқысы. Біздің қыз-келіншектер тектіліктің символы. Әйелдің образы қазақ фольклорында тұнып

жатыр. Біздің отбасы құндылықтарының өзегі тым әріден бастау алады.

Қазіргі таңда әйел азаматшаларды әр мамандықтар көруге болады. Берілген тапсырманы тиянақты орындап, бәріне үлгеруге тырасады. Алысқа бармай-ақ, өзіміздің ғылым мен өнер, мәдениет пен әдебиет бағытында нәтижелі еңбек істеп жүр. Ғылыми зерттеу жасап, қазақ руханиятына адал қызмет істеп келеді. Кез келген іс-шараны дөңгелетіп, ұйымдастырып, шаруаның шырайын келтіреді. Қашанда қазақ әйелі жанұя жылуын беріп, отбасы құндылықтарына бей-жай қарамайды.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі құтты болсын! Барша ару қыз-келіншектерімізді мейраммен шын жүректен құттықтаймын. Атқарып жатқан істеріне табыс, отбастарына бақ-береке тілейміз!

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК, Қазақстанның мәдениет қайраткері, ақын:

Арулар, асыл жандар!



О, бастан адамзат жаратылған тұста ер мен әйелді қатар жаратқан. Адам-Ата мен Хауа-Ана туралы аңыз-әңгімелерде соған саяды. Кей уақытта әйелді қисық қабырғаға теңейді. Егер сол қисық қабырға болмаса, адам денесін тік көтеріп тұра алмас еді. Сонау қиын-қыстау заманда аштық, соғыс, репрессия, тоқырау жылдар және бүгінгі жаһандану дәуірінен әйелдеріміз бірге өтіп келеді. Бұл олардың шын мәнінде өмірдің сәні екенін аңғартпай ма?!

Үйде жұбайымыз, қызымыз, келіндеріміз болмай қалса, орны үңірейіп білініп тұрады. Сондықтан жеңге, әпке-қарындас, бәрі-бәрі өз туысымыз, жақын жұрағат ағайын-бауыр. Ауылға, бір жерге қонаққа барсаң да әуелі сол үйдегі отанасының қас-қабағына қарайсыз. Сол себепті де, баршасымен жақсы қарым-қатынас, мейірбан дос болған жөн. Қазақ жұрты «Өмір қамшының сабындай қысқа» деп текке айтпапты ғой. Ендеше, қысқа ғана ғұмырда сыйласып жүргенге не жетсін?! Аруларымыздың мерекесі құтты һәм қайырлы болсын!

Мейіржан КЕЛЕМЕДЕНОВ, JasLive медиа орталығының жетекшісі, қоғам белсендісі:

Сұлулық сәні – нәзікжандылар



Көктемнің алғашқы айы мейрамға толы. Соның айрықшасы, ол – Халықаралық әйелдер мейрамы. Бұл күні дегбірсізденіп, гүл іздеп, сыйлық алып, өзінің үйіне, сүйіктісіне қарай асығатын ер-жігіттер. Шіркін-ай, 365 күнді, 24/7 уақытты арнаса да артық болмас. Арайлы гүл, көңілді күн сұлуларымыздың гүлжанарында деп білеміз.

Ең басты құндылық – сүйген жан екен. Өзіңнің жартыңды тауып, отбасында бала-шағалы болғанға ештеңе жетпейді. Өзіміз күн мен түнді артқа тастап, жас кезден бастап іргемізді қалағымыз келеді. Жоғары оқуды оқып, орталықтың жұмысын жетілдіріп, болашаққа нық қадам басудамыз. Бірақ жаныңда тірек болатын, жан жарың қолдап-қолпаштап жүрсе, нұр үстіне нұр. Әрине, ананың рөлі бөлек қой. Оның дүниеге әкелгенінің өзі үлкен сый әрі құдірет. Осының бәрін ойлап, сараптай келе бәріне шүкір, тәубе дейміз.

Мейрамнан мейрамға жадырап, жайнап жете беріңіздер. Сүйгенімізге сүрінбей қосылайық, жігіттер.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»

Жаңа форматтағы ата-аналар жиналысы:

«АТАДАН – ӨСИЕТ, АНАДАН – ҚАСИЕТ»

Ұрпақ тәрбиесінде дәстүрге кеңінен орын беру қанша айтса да жауыр болмайтын тақырып. Жақында №107 лицейде ұйымдастырылған семинар «Қазақ халқының ұлттық құндылықтары – бала тәрбиесіндегі құндылық көзі» деген жып-жылы атаумен өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Мазмұнды іс-шараға қатысқан білім саласының өкілдері өздеріне оймақтай болсын ой түйіп қайтары сөзсіз. Семинар барысында «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты КЕАҚ аға ғылыми қызметкері Ерболат Сексенбайұлының «Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы – табысты тұлғаны тәрбиелеудің факторы» және Б.Досынбекованың «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: «Қазақ халқының ұлттық құндылықтары – бала тәрбиесіндегі құндылық көзі» деп аталатын тағымдық дүниелері аса қызығушылық туғызды.



Семинар қонақтары А.Надырбекованың ұйытқы болуымен өткен «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» деп аталатын ашық тәрбие сағатына қатысты. Ұлттық құндылық туралы айтқанда халқымыздың ұлттық ойындары туралы айтпау мүмкін емес. Жас ұрпақ тәрбиесінде ұлттық ойынның маңызы өте зор. Сондықтан соңғы жылдары «Тоғызқұмалақ» ойыны мектептерде кеңінен қолға алына бастады. Қазіргі таңда пән ретінде де оқытылып жүр. Ұлттық ойынды А.Иманқұл мен Д.Жетенбаев ұйымдастырды. Сонымен қатар, «Заманауи технологиялар ұлттық дәстүрлерді жойып жібере ме?» деп аталатын дебат соңы «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» атты жаңа форматтағы ата-аналар жиналысына ұласты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ү.АҚАТАНҰЛЫ, №107 лицей директоры:

МАҚСАТ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ТҮЙСІНЕ БІЛЕТІН ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы жасампаз азаматты тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз. Халқымызда «Тәрбие – талбесіктен» деген сөз бекер айтылмаса керек. Отбасынан бастау алатын тәрбие мектепте жалғасын тауып жатады. Сондықтан біздің алдымызда өте жауапты міндет – бойында иманы бар, ұлттық құндылықты түйсіне білетін ұрпақ тәрбиелеу мәселесі тұр.



ТИРІ КУӘГЕР

ОККУПАЦИЯДАҒЫ ӨМІР

Соғыс жылдары партизандарға көмектескен қаршадай қазақ қызы жайлы не білеміз?

Ұлы Отан соғысының майдан даласында кеңес жауынгерлері миллиондап шейіт болса, оккупацияда болған аймақ тұрғындары да аз шығынға ұшыраған жоқ. Жау қолында қалған жерлердің азаматтары партизан отрядтарын жасақтап, мұздай қаруланған фашистермен жан аямай соғысты. Оккупациядағы тұрғындар оларға барынша көмектесті. Жасырын түрде азық-түлік, киім-кешек тасыды. Фашистер жайлы деректер жеткізді. Сондай оккупацияда қалған аймақта фашистерге қарсы тұрған партизандарға көмектесіп, қаршадай қазақ қызы Камила да жүрді.

Нұрлан
СҮЙІН

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

Бұл күндері Екінші дүниежүзілік соғыстың тікелей куәгері – ғасыр жасаған Камила әже Алматыда, үлкен қызы Жанаттың қолында тұрады. Жасы жүзге келсе де әлі тың, бақуатты, тіпті ұлттық бұйымдар, киім-кешек тігіп, өлең де шығарады. Асыл әжеміздің өмірінің бастауы ата-бабадан жеткен тектіліктен өрілген. Ол кісінің сонау балалық шақтан бастап, әжелікке дейінгі ғұмыр жолы батылдық пен қайсарлыққа толы өр мінездің, тынымсыз адал еңбектің нәтижесі.

ТАЛАЙЛЫ ТАҒДЫР

Камила Қасымова әжей 1925 жылдың 16 мамырында Батыс Қазақстан облысының Орда аймағында дүниеге келіпті. Бұл – совет үкіметінің билікке келіп, байлар мен кедейлерді екі тапқа бөліп, ұжымдастыру саясаты басталып жатқан кезең еді. 1928 жылы конфискацияға іліккен ауқатты әкесі Ғазиз отыздай отбасымен бірге Ресейдің Ставрополь өлкесіне жасырын көшуге мәжбүр болады. Қызыл биліктің қыспағынан қашып жүріп, Терск мекеніне тұрақтайды.

Көшпелі, қуғын өмір Камила қызды ерте ширатты. Жеті жасында үлкендер пішіп берген киімдерді тігін машинасында тіге беретін. Ал он екі жасынан ешкімнің көмегінсіз-ақ киімді өзі пішіп, өзі тіге бастады. Бұл өнер кейінгі өмірінде талай қа-

жетіне жарады Камиланың. Тектінің тұқымы Ғазиз әкесі Камилаға сегіз жасынан көнеше ілім беріп, намаз үйретеді. Сегіз жасынан үйренген намазын бүгінгі күнге дейін үзген емес. Қаршадай Камила ата-анаға қолғанат бола жүріп, 1935 жылы мектептің бастауышына барды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, бастауыштан кейінгі оқу жалғаспай қалды. Оқу былай тұрсын, елдімекенге фашистер басып кірген еді сол жылы.

МАЙДАН МЕН ТЫЛДЫҢ МАҚСАТЫ БІР

Соғыс басталған жылы-ақ неміс солдаттары Камила тұратын елдімекенге басып кірген. Неміс оккупациясындағы елдімекеннің ер азаматтары партизан отрядтарын құрып, орманды тұрақ етті. Оккупациядағы село тұрғындарының барар жер, басар тауы жоқ, амалсыздан бұйрық солай деп өмір сүріп жатты.

Ол жылдарда майданның да, тылдың да мақсаты біреу – Отан қорғауға үлес қосу болатын. Оккупациядағы елмен бірге Камила да партизандарға жасырын азық-түлік, киім-кешек тасыды, селодағы немістер жайында ақпарат жеткізді. Кәмелетке толмаған қыз бала үшін бұл үлкен ерлік еді.

Былайша айтқанда, қазақ қызы Отан қорғауға осылай үлес қосып жүрді. Бұғанасы қатаймай соғысты өз көзімен көрді. Бұлар тұрған село 1941-1942 жылдары жарты жылдан астам уақыт оккупанттардың қарамағында болып, Қызыл Армия жақындағанда фашистер елдімекенді тастап қашады. Ізбе-із келген кеңес әскерлері елдімекенді фашистерден тазартып, тыныш өмір қайта басталады.

Тыныш дейтіндей емес, елдімекендегі үйлер мен қораларды қалпына келтіру, ауылды түлету дегендей жұмыстар басталады. Осы кезде Камила қыз пеш салуды меңгеріп алады. Онысы кейін де талай пайдасына жарады. Әсіресе, 1942 жылы Черноземель ауданына қоныс аударғанда. Неміс басқыншыларынан азат етілген ауданда өмір қайта басталып, совхоз құрылып еді сонда. Азат етілген ауданда шашылып кеткен малды жинап, мал қораларды, үйлерді жөндейді. Жеркепелер жасап, пеш соғады халық. Он алты-он жеті жастағы Камила сол тірліктердің бел ортасында жүрді. Осында жүріп Камила 1944 жылы тұрмыс құрады, бөпелі болады. Бұл – ұрыстардың совет жерінен «көшіп», сол соғысты бастаған елдің аумағында жүріп жатқан кезі еді...

СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАР

Қаһарман қыз 1947 жылы Каспий жағалауындағы Логань елдімекеніне қоныс аударады. Бұнда да соғыстан кейінгі жағдай. Балық аулау мезгілінде шағын кемелермен теңізге шығады. Қыста совхоз малын күтіп-бағады. Камила бұнда да еңбектен аянып қалған жоқ. 1958 жылы жастық шағы өткен Черноземель елдімекеніне қайта көшіп келеді. Онда да Камиланың істемеген жұмысы қалмады. Ширақ қыз қара жұмысшы да, сатушы да болды. Трактор бригадасында есепші, партия ұйымының қоғамдық негіздегі хатшысы болып еңбектенді. Тігіншілігін де тастамай, көркемөнерпаздар үйірмесіне де қатысты. Осы мекенде кешкі мектепке барып, орташа білімі туралы аттестат та алды. Бір сөзбен айтқанда, соғыстан кейінгі еңбек майданының бел ортасында жүрді тынымсыз Камила. Ол сондай кезең еді.

ТУҒАН ТОПЫРАҚҚА ОРАЛУ

Талайлы тағдыр иесі, нәресте кезінен туған жерден жырақта болған Камила Қасымова 1973 жылы ғана тарихи Отанына оралады. Алматы облысындағы Есік қаласына қоныстанады. Осы жылы Есік қаласындағы тігін фабрикасына жұмысқа шықты. Кішкентайынан еңбекпен өскен Камила абыройлы болды. Жұмысқа 3-разрядты тігінші боп кіріп, жылға жетпей 8-разрядты шебер атанды. Озат тігінші 1977 жылы «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды. Еңбек ардагері 1980 жылы зейнетке шықты.

Камила апайдың туған жерде екінші тынысы ашылды десе болғандай. Шығармашылық тынысы. 2004 жылы «Шаттық шуағы» деген атаумен өлеңдер жинағы жарық көрді. Бұдан соң тағы екі өлең жинағы шықты. Ал 2017 жылы «Есте қалған елестер» деген өмірбаяндық повесін жариялады. 2019 жылы Камила Қасымованың шығармашылығы бойынша зерттеу монографиясы жарық көрді.

Сонау балауса кезінде әкесі Құран үйреткен Камила апай 2017 жылы Алматыдағы медреседе араб тілін меңгеріп, құранды араб тілінде оқу дәрежесіне жетеді. Қолөнер шеберлігі мен өнерге жақындығын да тастамаған Камила апай 2016 жылы Түркістан қаласында өткен Абылай ханның 300 жылдығына қатысып, бұйымдары жоғары бағаланып «Халықаралық қолөнер шебері» алтын медалімен марапатталды.

«СОҒЫС БАЛАЛАРЫНА» ҚАМҚОРЛЫҚ

Ерте есейген ұрпақ та Жеңіс күнін жақындатты

Алматыда Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінің әскери қызметшілері мен Ардагерлер кеңесі тыл ардагері, отставкадағы майор Ғалымжан Бакешев ақсақалға сәлем бере барды.

Нұржамал
ӘЛІШ

«Соғыс балалары» – балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келген адамдар. Олар қолына қару ұстап майданда соғыспаса да, тағдыры соғыспен тығыз байланысты болды. Бұл балалар аштықты, қарша бораған бомбалардың қорқынышын, үрейін бастан өткерді. Жақындарын соғыс жалмады. Бала да болса Жеңісті жақындатамыз деп, бұғанасы бекімей жатып, тылда ауыр еңбек етті,

олардың балалық шағы қиыншылықпен өтті, ерте есейді.

Соғыс басталғанда Ғалымжан ата небәрі алты жаста еді. Оның да балалық шағын соғыс «ұрлаған» болатын. Ол да еңбекке ерте араласып, ауылдағы ер-азаматтардың орнын басты, аналарымен бірге тылда еңбек ете жүріп, Жеңіске үлес қосты.

Қазір соғыс жылғы балалар тыл ардагерлеріне теңестірілген. Өйткені, олардың көбі кішкентай жасынан майданға кеткен ересектердің орнын басып, зауыттарда, колхоздарда жұмыс істеді, сарбаздарға жылы киім тоқыды.

Ғалымжан ақсақалға да тыл ардагері мәртебесі берілген. Сонымен қатар, Ғалымжан Жүнісұлы – Ұлттық ұланның қарт ардагерлерінің бірі. Ол 1960 жылдан бастап КСРО-ның Ішкі әскерінде әртүрлі қызметтерде болған. Ішкі әскер басқармасында саясат бөлімінің нұсқаушысы лауазымында зейнетке шыққан.

Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толады. Жеңістің биылғы мерекесі Қазақстанның Бірде-бір азаматын бей-жай қалдырмайтынына сенімдімін. Өйткені, біздің елде сұрапыл соғыстың зардабын тартпаған отбасы жоқ деуге болады. «Соғыста қаза тапқандарды ұмытпай, қаһарман ерлеріміздің рухына тағзым ету, ел ішінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау – баршаға ортақ парызымыз», – деп Президентіміз атап айтқандай, айтулы іс-шараға байланысты біздің мектебімізде, М.Жұмабаев атындағы №137 мектепте де жастарды патриоттық тәрбиеге баулу мақсатында «Жеңіс жолындағы ерлік – тарихтан болашаққа» деген тақырыпта қалалық іс-шара өткізілді.

«ЖЕҢІС ЖОЛЫНДАҒЫ ЕРЛІК – ТАРИХТАН БОЛАШАҚҚА»

Іс-шараны ұйымдастыруға мектебіміздің мұғалімдері Света Арынова, Сәуле Нұркеева, Салтанат Ерсеркенова, Гүлнар Қуатова, Света Жолымова, Раушан Маралбекқызы, Аяла Қанатқызы, Бауыржан Жалғас, Айзат Құттыбайқызы мұрындық болып отыр.

Кеш қонақтары адамзат тарихындағы ең зұлмат соғыстың зардаптары туралы және жеңісті жақындатқан майдангерлер туралы тың деректер мен естеліктермен бөлісті.

Ал мектеп оқушылары Жеңістің 80 жылдығына арнап дайындаған өнерлерін көрсетті. Бұл кеште патриоттық әндер

шырқалып, би де биленді, өлеңдер оқылып, күй де тартылды. Сонымен қатар, мектеп мұғалімдері Көлбаев Мейрам мен Қарикен Гүлнафистің ұйымдастыруымен жеңістің 80 жылдығына орай көрме де ұйымдастырылды. Көрме оқушылардың мәдени және шығармашылық көкжиегін кеңейтіп, бейнелеу өнерінің терең сырларын тануға үлкен мүмкіндік сыылады.

**Гүлжан АМАНЖОЛҚЫЗЫ,
М.Жұмабаев атындағы
№137 мектеп директорының
орынбасары,**

«АВРОРА» – СЕНІМ МЕН САПАНЫҢ КЕПІЛІ

Халықаралық амбицияға ие отандық бренд

Елімізде өндірістік секторға баса назар аударылуда. Бұл салаға айтарлықтай үлес қосып отырған отандық кәсіпорындардың бірі – «Аврора» компаниясы. Өз қызметін тұрмыстық химия, косметикалық өнімдер және медициналық тауарлар өндіру саласында жүргізетін кәсіпорын 15 жылдан бері Қазақстан нарығында жетекші орынға ие.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

«Аврора» компаниясы 2010 жылы құрылып, бастапқыда тұрмыстық химия мен жеке күтімге арналған өнімдер шығарумен айналысты. Біртіндеп өндіріс ауқымы кеңейіп, компания косметика және медициналық тауарлар нарығына да салым сала бастады. Бүгінде ол кең көлемде өндіріс жүргізетін, халықаралық стандарттарға сай өнім шығаратын, заманауи технологияларды қолданатын кәсіпорынға айналды.

Қазірдің өзінде «Аврора» елдегі ірі өндіруші ғана емес, халықаралық амбицияға ие отандық бренд ретінде белгілі. Заманауи жаңа технологиямен жабдықтау компанияны жоғары өндірістік қуатқа ие еткен. Бұған қоса, кәсіпорынның сапаны бақылау жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Нақты мақсат пен сенімді қадам

Компания бірнеше негізгі бағыт бойынша қызмет атқарады. Нақтырақ айтсақ, тұрмыстық химия, парфюмерия және косметикалық өнімдерді сату. Бұл – бүкіл отбасыға арналған тұрмыстық қажеттіліктер, өзін-өзі күтуге арналған тауарлар және дезинфекциялық құралдар. Аврора өнімдерінің басты ерекшелігі – олардың экологиялық тазалығы мен қауіпсіздігі. Бұл компанияның басты мақсаты – тұтынушыларға сапалы әрі адам денсаулығына зиянсыз өнімдерді ұсынуға баса назар



(Фотосурет Расул Бахамов).

аударуы. Барлық тауарлар халықаралық стандарттарға сәйкес мұқият зертханалық тексерулерден өтіп, жоғары сапа талаптарына толық жауап береді. Сонымен қатар, клиенттерге ыңғайлы болу үшін кең ассортименттерін ұсынууда. Әрбір өнім күнделікті тұрмысқа қажеттілікті ескере отырып таңдалып, заманауи технологиялар негізінде әзірленеді. Компания мақсаты – адамдардың өмірін жеңілдететін, қауіпсіз әрі сапалы өнімдер ұсыну. Тұтынушылардың сенімі мен қанағаттануы маңызды болғандықтан компания үшін сапа мен экологиялық тазалық – басты басымдыққа ие.

Халықаралық сапа стандартына сай

Компанияда заманауи автоматтандырылған өндіріс желілері бар. Бұл технологиялар өнім сапасын жақсартып қана қоймай, өндіріс тиімділігін арттырады. Сапа бақылауы бірнеше кезеңнен тұрады: Шикізатты тексеру – өндірісте қолданылатын барлық материалдар халықаралық стандарттарға сай болуы керек.

Өндіріс процесін бақылау – әрбір өнім белгіленген технологиялық талаптарға сәйкес жасалады.

Қаптаманы тексеру – дайын өнімнің қаптамасы, таңбалануы және жарамдылық мерзімі мұқият тексеріледі.

Аврора өнімдері ЭКО және Халал сертификаттарынан өткен, бұл олардың сапасы мен қауіпсіздігін дәлелдейді. Компания өкілдері жақын арада тұрмыстық химияның жаңа өнімдерін – «Freya», «Qaspeg», «Klarita» сынды жаңа өнімдерін нарыққа шығаруды жоспарлап отырғандарын жеткізді.

Нәтижелі жетістіктер

Компанияның негізгі тауарлар желілеріне мыналар кіреді:

- **Akmasept** – қолдарға арналған антисептик;
- **Avrora Home Perfume** – хош иісті диффузорлар;
- **Effect, Washer** – тұрмыстық химия;
- **BooBoo** – 2024 жылы шығарылған жаңа балалар сериясы.

Ұтқыр ұжым
Компанияның жетістігі оның қызметкерлеріне тікелей байланысты. «Аврора» өндірістік кешенінде көптеген мамандар еңбек етеді. Солардың бірнешеуімен тіл десіп те үлгердік.

Мухлиса АБДУЛАЕВА, химик-аналитик:

Мен зауытта химик-аналитик болып жұмыс істеймін. Жұмысқа кіргелі бері 7 ай уақыт өтті. Менің негізгі міндетім – өндірілетін өнімдерге толықтай аналитикалық зерттеу жүргізу, қаптаманы тексеру және жарамдылық мерзімін бақылау. Жұмыс маған өте ұнайды, жоғары жауапкершілікті талап етсе де тез үйреніп кеткен жұмысым болды.

Нұрқажы БЕКЕЖАН, машинист:

Мен бұл зауытта 7 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Менің міндетім – өндірістік жабдықтарды қосу, өшіру, іске қосу және матрицаларды ауыстыру. Мен арнайы оқу орнын бітірмесем де, осы салада жұмыс істеу маған қатты ұнайды. Кәсіби тұрғыдан дамуға мүмкіндік көп.

Қызметкерлердің пікірі «Аврора» компаниясының жұмыс жағдайының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

«Аврора» компаниясы Қазақстан нарығында сенімді әрі сапалы өнім өндіруші екендерін және басты бәсекелестік артықшылықтары: жоғары сапа, қолжетімді баға, экологиялық қауіпсіздік, жаңашылдық екенін көрсетті.

Компания Қазақстандағы ең ірі және сенімді өндірістік кәсіпорындардың бірі. Ол заманауи технологияларды, жоғары сапалы шикізатты және кәсіби мамандардың еңбегін біріктіре отырып, тұтынушыларға ең сапалы өнімдерді ұсынуда. Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі, қызметкерлерге жасайтын қолайлы жағдайлары және үздіксіз дамуға деген ұмтылысы – оның табысты дамуының басты факторлары.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ

КӘСІПКЕРЛЕР ТАЗАЛЫҚҚА АТСАЛЫСТЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Алматы қаласының Түркісіб ауданында кәсіпкерлердің қолдауымен жалғасын тапты. «Алюр Авто» компаниясы ауқымды іс-шараға белсенді қолдау көрсетіп, өз аумағында тазалық шараларын ұйымдастырды. Сондай-ақ, барлық кәсіпкерлерді игі іс-шараға атсалысуға шақырды.

Ернұр РЫСБАЙ

Компанияның әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі Бауыржан Алпысбаевтың айтуынша, бұл шара бір реттік емес, тұрақты түрде жалғасын табады.

– Бүгінгі акция барысында біз өзімізге тиесілі аумақты қоқыстан тазартып, аялдама кешенін және ғимараттардың қасбетін жудық. Сондай-ақ, жасыл желекті күтіп-баптау және абаттандыру жұмыстары да жүргізілуде. Біз бұл экологиялық бастаманы қолдап, қаламыздың тазалығына тұрақты түрде үлес қосуға дайынбыз. Барлық кәсіпкерлерді осы шараға қатысып, қаламыздың тазалығын сақтауға шақырамыз, – дейді Бауыржан Алпысбаев.



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

Бұл бастама Алматы қаласы әкімдігінің абаттандыру паспортына сәйкес жүзеге асырылуда. Яғни әрбір шағын және орта бизнес өкілі өз аумағын таза ұстауға, жылына кемінде екі рет – көктемде және күзде сенбілік ұйымдастыруға міндетті.

Түркісіб ауданы әкімінің аппаратының кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту бөлімінің бас маманы Ердіс Әубәкіровтің айтуынша, мұндай іс-шаралар ауданның санитарлық жағдайын жақсартып қана қоймай, қала тұрғындары мен қонақтары үшін қолайлы орта қалыптастыруға да ықпал етеді.

– Кәсіпкерлердің осындай экологиялық бастамаларға белсене атсалысуы – қала экологиясын жақсартудың маңызды қадамы. Ауданымыздағы әрбір кәсіпкер өзіне тиесілі аумақтың тазалығына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Бұл – тек санитарлық талап қана емес, сондай-ақ қала мәдениетінің көрсеткіші, – дейді Ердіс Әубәкіров.

Бүгінде акция аясында қоқыс шығару, аумақты көгалдандыру және санитарлық тазарту жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Ұйымдастырушылар бұл іс-шараның тұрақты түрде өткізіліп тұратынын атап өтті.

ТЕХНОЛОГИЯ

МОБИЛЬДІ ЖУРНАЛИСТИКА: Дәстүрлі БАҚ смартфондарға орын бере ме?

Әлемде ғылыми-технологиялық жетілдірулер қарқынды жүріп жатыр. Мүмкін, ХХІ ғасырдың ең үлкен және маңызды жетістігі смартфондардың пайда болуы мен таралуы болар. Смартфон тарихын Apple-дің 2007 жылы алғашқы iPhone шығарған кезінен бастаған жөн болар. Қазір бұл құрылғы күнделікті өмірдің маңызды бөлігіне айналды. Бұл қоғамда жаңа салалардың дамуына үлкен қозғаушы күш болды. Зерделі телефондардың пайда болуы журналистикаға да әсер етті.

Дәстүрлі журналистикада бүкіл процесс – түсіру, өңдеу, тарату – көптеген адамдар мен жабдықтарды қажет етеді. Қазіргі смартфондар осының бәрін жасауға қабілетті. Бейне түсіруге, дыбыс жазуға, фотосуреттер түсіруге, бейнелерді өңдеп, әңгімелер жазуға және желілерге жариялауға мүмкіндік береді. Міне, осылайша қазіргі медиа жүйеде жаңа бағыт – мобильді журналистика пайда болды.

Журналистикадағы бұл бағыт әлемде белсенді түрде таралуда, әсіресе, еркін авторлар осы бағытты қолдануды жөн көреді. Мұндай танымалдылығын оның дәстүрлі журналистикаға қарағанда артықшылықтарымен байланыстыруға болады.

Мобильді журналистиканың барлық артықшылықтарына қарамастан, құпиялылық, этика және шындық мәселелері оның эволюциясының ықтимал кемшіліктері бар екенін мойындаймыз. Бүгінде кез келген адам смартфонға контент дайындап тарата алады, алайда бұл ақпарат қауіпсіздігіне өзіндік кері әсерлерін де беруде. Өзге кемшіліктерге құрылғылардың технологиялық шектеулері жатқызсақ болады. Мысалы, шектеулі камера, смартфон камералары аз жарық жағдайында жақсы түсірілмейді, оларда оптикалық масштабтау жоқ, яғни объектіге барынша жақын болуға тура келеді. Сонымен бірге, ғаламторға қосылуға деген тәуелділіктің болатынын да атай аламыз.

Мобильді журналистика перспективалы бағыт саналады. Үнемі жаңа трендтер, жаңа қосымшалар, платформалар, мүмкіндіктер ашылуда. Соған қарамастан, мобильді журналистика дәстүрлі журналистиканы толық алмастыра алмайды, тек оны толықтырады. Көптеген БАҚ өздерінің дәстүрлі репортаждарына мобильді журналистиканы қосымша ретінде біріктіруде. Осылайша мобильді журналистика салыстырмалы түрде жаңа, бірақ перспективалы бағыт ретінде дамуда.

Іңкәр МҰХТАРОВА, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТ университетінің журналистика мамандығының 1-курс студенті.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 9 айға – 5520,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 9 айға – 11840,58 (қала), 7230,60 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 9 айға – 3540,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН



ОТАНШЫЛ ӨРЕНДЕР «Жас бүркіт» сыныбына қабылданды

«Жеңіске 100 күн қалғанда» акциясы аясында Алматы қаласындағы №118 мектеп-гимназияда Ұлттық ұланның тағы да бір «Жас бүркіт» әскери-патриоттық сыныбы ашылды.



Нұржамал
ӘЛІШ

Іс-шара барысында полковник Мақсат Баймағұлов басшылық ететін Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімі мен мектеп-гимназия арасында ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойылды.

№118 мектеп-гимназия оқушылары алғаш рет «Жас бүркіт» әскери-патриоттық қозғалысына мүше болып, оған 3 «з» сыныбының 36 оқушысы толық өтті.

Сүйкімді өрендер «Жас бүркіт» антын қабылдады. Ал 5571 әскери бөлімінің өкілдері өз кезегінде жаңа құрылған сыныпқа «Жас бүркіт» әскери-патриоттық қозғалысының туын, арнайы эмблема-сын, береті мен банданын табыстады. Сондай-ақ, бөлімнің әскери оркестрі мен мектеп оқушылары бірлесіп концерттік бағдарлама ұсынды.

2023 жылы өткен Бүкілармиялық кеңесте Мемлекет басшысы өскелең ұрпақтың әскери-патриоттық рухын көтеруге баса мән беру қажеттігін және батырларымыздың ерлігін үнемі дәріптеп отыру керектігін атап өткен еді.

Айта кетсек, Ұлттық ұланның «Жас бүркіт» әскери-патриоттық қозғалысы 2003 жылы Шымкентте құрылған болатын. Бүгінде еліміздің барлық қаласында бар.

Амантай қажы АСЫЛБЕК:

ҰРПАҚ ИМАНДЫ БОЛСА ДЕЙМІН

Елге белгілі Амантай қажы Асылбек жақында редакциямызға арнайы келді. Қашан да қоғамды иманға шақырып жүретін қажы қасиетті рамазан айында да қайырымдылықтан алыс қалмапты. Әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек қолын созып, сауапты іске басқа да қалталы азаматтарды жұмылдырғанын жеткізді. Сонымен бірге, шапағаты мол, сауабы көп айда газетіміз арқылы барша жамағатқа ыстық ықыласын жеткізді.

– Имандылық – адамның жүрегінде. Сондықтан бір ауыз сөзбен болсын, халқыңа көмегің тиіп жатса, мұның өзі үлкен сауап. Мен де әлі күнге аттан түспей, халқыма көмегім тисе деп, қызмет етіп жүрген жанмын. Жалпы, мен әу бастан халқымды имандылыққа шақырып жүремін. Бұл сауапты жолды әлі де жалғастыра беремін. Кезінде Мекке-Мединеге он рет барып, мың адамды сауап үшін апардым. Бұл да имандылықтың бір парасы. Әрине, құр барып қайтпай, әр сапарымызда аруақтарға Құран бағыштап қайтық. Мен мұны не үшін айтып отырмын. Бұл бекер емес, ұлтымыздың болашағы үшін жасалып жатқан жұмысты бүгінгі жастар жағы білсе деймін.

Кезінде дүние жүзінің бейбіт өмірді сүйетін миллиондаған тұрғыны «Аттан–Қазақстан» шеруіне қатысып, назарын біздің мемлекетке бұрды. Дүниенің төрт бұрышы біздің мемлекетті таныды. Міне, осылай бастаған сапарым сәтті болды. Сол кезде Қазақстанның байрағын 28 мемлекетте көтеріп жүрдім. Мен тіпті сонау 1984 жылдың өзінде коррупциямен күресті бастаған адаммын. Қазір де қарап жүргем жоқ. Халқымызды имандылыққа бастап, адалдыққа, рухшылдыққа шақырып жүрмін, – дейді Амантай қажы Асылбек.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Байсерке Агро» ЖШС келесі жобалар бойынша ашық жиналыстар түрінде тыңдаулар өткізеді:

- Атмосфераға зиянды заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері;
- Қалдықтарды басқару бағдарламасы;
- Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
- Іс-шаралар жоспары.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 18 сәуірінде, сағат 12.00-де, мекенжайы: Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылдық округі, Байсерке ауылы, Бейбітшілік көшесі, 14 В «№28 мектеп-гимназия» ғимаратында өтеді 43.479623, 77.042276.

Төтенше жағдайлар және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар **Zoom** платформасы арқылы онлайн-режимде өткізіледі.

Zoom онлайн-конференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/84756710488?pwd=XuNF7W5rjEC03C5shhU4olXbEKejr4.1>

Конференция идентификациясы: 847 5671 0488

Құпия сөз: 616093

Жоспарланған қызметті бастаушы: «Байсерке Агро» ЖШС, заңды мекенжайы: 041600, Қазақстан Республикасы, БИН 030440004785, Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылдық округі, Байсерке ауылы, Қонаев көшесі, 1.

Жоба әзірлеушісі: «РНПИЦ «Казэкология» ЖШС, БИН 940740000129, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 27, телефон: +7 708 971 71 05, e-mail: kazecology.kz@gmail.com

Жобалық құжаттамамен «Ecoportal.kz» бірыңғай экологиялық порталында және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында танысуға болады prroda_alm@bk.ru.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

МЕРЕКЕЛІК КЕШ



Анкарадағы ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшылығында қазақ-тың ұлы композиторы, дирижер, күйші Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына орай «Тілендиев жылының» салтанатты ашылуы өтті. Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасының Анкарадағы елшісі Еркебұлан Сапиев, ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев, «Анкара музыка және өнер» университетінің ректоры Ерхан Өзден, сонымен қатар, Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан елшілері қатысты.

Мерекелік кеш Түркия Республикасының Мәдениет және туризм министрлігінің «Анкара түркі әлемі» музыка ұжымының орындауындағы Нұрғиса Тілендиевтің «Көш керуен» күйімен басталып, Нұртуған жыраудың «Қанекей, тілім сөйлеші» термесі орындалды. Өнерсүйер қауым атақты дирижер Джем Гүрдал басқарған ұжымның өнеріне ризашылық білдірді.



Келесі кезекте Алматыдан барған өнерпаздардың орындауындағы Тілендиев шығармалары тыңдалып, күйшінің өміріне арналған фильм көпшілік назарына ұсынылды. Алатаудың сәлемін ала барған Жамбыл Жабаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармония директоры Ақан Әбдуалиев әуелете ән салса, «Нұрғиса Тілендиев музей-үйінің» қызметкері Нұрмұха Шәймерденов Тілендиевтің өмірі мен шығармашылығы қамтылған көрмемен таныстырды.

Сөз кезегін алған «Анкара музыка және өнер» университетінің ректоры Ерхан Өзден музыканың халықтар арасындағы мәдени байланысты нығайтатынын тілге

тиек етіп, «Тілендиевтің шығармалары қазақ халқының рухын, сондай-ақ бүкіл түркі әлемінің ортақ сезімдерін көрсететін мұра болып табылады. Бұл мұраны жастарға жеткізу біздің міндетіміз», – деп ойын жеткізді.

Мерекелік жиын барысында «Отырар сазы» қазақ мемлекеттік академиялық этно-фольклорлық оркестрінің күйшісі Арсен Тұрсын Тілендиевтің «Әлқисса», «Аққу» күйлерін орындаса, Түркияда оқып жатқан қазақ студенттері композитордың шығармаларынан арнайы бағдарлама ұсынды. Іс-шара аясында Түркияда күйшінің шығармаларын насихаттайтын түрлі концерттер мен көрмелер ұйымдастырылатын болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сұлтан РАЕВ,
ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы:

– Нұрғиса Тілендиев тек Қазақстан үшін ғана емес, күллі түркі әлемі үшін маңызды тұлға. Тілендиевтің шығармалары халықтарымыздың ортақ жадын және бірлігін көрсететін мәдени мұра. Оның музыкасында тек Қазақстанның ғана емес, күллі әлемнің дауысы мен рухы жаңғырады. Біз тек өткенді еске алу үшін жиналып отырған жоқпыз. Тілендиев сияқты өнерпаздар өз шығармалары арқылы әлі де жаңғырады және жаңғыра бермек. Оның музыкасы қазақ даласының еркіндігін, түркі халықтарының бірлік рухын және ортақ сезімдерін көрсетеді. Сондықтан оның мұрасын сақтау тек қазақ халқы үшін ғана емес, күллі түркі әлемі үшін басты міндет болып табылады. Тілендиевтің шығармаларын түркі әлемінің әртүрлі аймақтарында таныстыру мақсатында бұдан өзге де іс-шаралар ұйымдастыратын болады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КОНЦЕРТ

«АНА – гүл, жыр, өмір шуағы»

Алатау аудандық Оқушылардың Инновациялық шығармашылық орталығында аналар мерекесіне арналған «Ана – гүл, Ана – жыр, Ана – өмір шуағы» атты бүлдіршіндердің шығармашылық концерті өтті. Алматы қаласы мектепке дейінгі білім беру ұйымының тікелей ұйытқы болуымен өткен өнер мерекесіне Алатау ауданының №21 бөбекжай-балабақшасы қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Аталмыш кеш «Анашым, сізге мың алғыс» атты көрмемен басталды.



Кештің мазмұнына сай қызылды-жасылды гүлмен көмкерілген сахна көктемнің келгенін білдіріп тұрғандай. Осынау сәтте кең залды құстың әні кернеп, наурызек құстың үні естілді. Ерекше әсермен осылай басталған кеш балаларының өнерін тамашалауға келген ата-аналардың көңілін көтеріп, жанын жадиратты.

Аталмыш кешті №183 бөбекжай-балабақша «Гүлдер» биімен ашты. Ананың ұлылығы туралы «Ана» өлеңін оқыған №153 балабақша бүлдіршіндеріне көпшілік ризашылық білдірді. Кеш барысында №76 балабақша өнерпаздары «Әдемі ана», №1балабақша «Дарите женщинам цветы», №4 балабақша «Абзал ана», №177 балабақша «Ана мен бала», №148 балабақша «Ана – өмір гүлі», №31 балабақша «Ана мен бала», №165 балабақша «Анашым-ай» әнін орындады. Бірнеше аспаптың үніне қосылған №150 бөбекжай өнерпаздары «Астана-думан» шығармасын орындады. Келесі кезекте №148 балабақшаның кішкентай бишілері «Ержүрек қыздар» биін, №78 бөбекжай-балабақша «Әке мен бала», №120 балабақ-



шаның бишілері «Қуыршақтар», №161 балабақша «Текемет», №95 балабақша «Алатау» биін биледі.

Бұл кеште көне аспаптардың да күмбірі естіліп, №130 балабақша балақайлары халық әні «Илигай сәулемді» шертермен қосыла шырқады. Сонымен қатар, №164 балабақша қазақ күйлерінен, ал №84 бөбекжай-балабақша «Ана туралы» әндерден орындаған папурилері де сәтті шықты.

Кеш Алатау аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі мекеме бас маманы Мәншүк Сәпинқызы мен балабақша меңгерушілері қосыла шырқаған «Алғыс» әнімен өз мәресіне жетті.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлия ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ,
қалалық Білім басқармасының
мектепке дейінгі бөлім басшысы:

– Көктем мерекесіне, абзал аналарымызға Алатау ауданы білім бөлімі үлкен тарту жасап отыр. Осы кеш барысында «Бала – балабақша – ата-ана» үштігінің тығыз байланыста екеніне куә болдық. Осынау кеш бойы тақымын қысқан ата-аналардың қуанышына куә болдық. «Бұлақ көрсен, көзін аш» демекші, қаншама талантты балақайдың үлкен сахнадағы алғашқы тұсауы кесілді. Ата-аналардың қуанған сәтін көрудің өзі қуаныш. Біз сондай сәтке куә болдық. Бұл – мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің тынымсыз еңбегінің жемісі.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.